

Әділетті Қазақстан

Халықтың және тарихтың алдындағы жауапкершілікті сезіну керек. Бір сөзбен айтсақ, ұзақ мерзімді, жүйелі стратегияның арқасында ғана жеңіске жетуге болады. Баршаңызды Қазақстан мүддесі үшін жұмылып жұмыс істеуге шақырамын.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

КӨГАЛДАНДЫРУ



АҒАШ ОТЫРҒЫЗУ
мамыр айының соңына дейін жалғасады

3

ҚАУІПСІЗДІК



МОПЕДТЕР ДЕ НӨМІР ТАҒАДЫ

4

ҚОЛӨНЕР



ҰЛТТЫҚ БҰЙЫМДАР – ҰЛТ МАҚТАНЫШЫ

12

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

4.04.2023

Түнде:



0,+2 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+16+18 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 0-5 м/с

5.04.2023

Түнде:



+4+6 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+16+18 °C

Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы: 2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Almaty

AQSHAMY



QR-кодты
СКАНЕРЛЕП,
САЙТҚА
ӨТІҢІЗ

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №43 (6336) 4 сәуір, сейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

www.instagram.com/
aqshamy.official

www.facebook.com/
aqshamy.official

www.youtube.com/channel/
UCx3M2x1CHx6Br1JgqyqeA

web.telegram.
org/k/#@aqshamy_kz

vk.com/
aqshamy.official

twitter.com/
aqshamy_kz

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

НӘТИЖЕЛІ ЖҰМЫС – САПАЛЫ КӨРСЕТКІШ

Аудан әкімдіктерінің бюджеті екі есе ұлғайды



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жергілікті өзін-өзі басқаруды орталықсыздандыру жөніндегі тапсырмасы аясында Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың бастамасы бойынша өткен жылы кейбір функцияларды республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімдіктерінің деңгейінен аудан әкімдіктерінің деңгейіне беру бөлігіне өзгерістер енгізілген болатын.

2

ЖАҚСЫ КІТАП – ЖАН АЗЫҒЫ

КІТАП ЖӘРМЕҢКЕСІ

Іс-шараға отандық 25-тей баспа мекемесі мен кітап дүкендері қатысты



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Алматыдағы Шоқан Уәлиханов атындағы сквер аумағында жыл сайынғы «Алматы кітап жәрмеңкесі» өтті. Жәрмеңке аясында мерекелік концерт өтіп, Мәдина Сәдуақасова, Кенжебек Жанәбілов сынды әншілер өнер көрсетті.

6

ҚЫСҚА...

- Президент «Алшар компаниялар тобы» АҚ директорлар кеңесінің төрағасын қабылдады.
- Министрлік мүгедектігі бар жандарды жұмысқа орналастыру үшін квота белгілемек.
- Отандық ғылымның дамуына бөлінетін қаржы 3,5 есе ұлғайды.
- Ел аумағында 5 сәуір мен 5 маусым аралығында балық аулауға тыйым салынады.
- «Болашақ» бағдарламасы аясында құжат қабылдаудың екінші легі басталды.
- Наурыз айында инфляция 18 пайызға дейін төмендеді.
- Алматы мен Самарқанд арасында тікелей рейстер қайта ашылды.
- Алматыда 10 заманауи полиция бекеті ашылады.
- Қостанайда Kia автомобильдерін шығаратын жаңа зауыт салынады.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



АУЫС-ТҮЙІС

ЖАҢА ҮКІМЕТ ЖАСАҚТАЛЫП ЖАТЫР

Мемлекет басшысы бірқатар кадрлық тағайындаулар жасады

Мемлекет басшысының Жарлығымен Мұрат Әбуғалиұлы Нұрғалиев Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрі болып тағайындалды, ол Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы лауазымынан босатылды.

Руслан Фатихұлы Жақсылықов Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі лауазымына тағайындалды.

Марат Мұратұлы Ахметжанов Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі лауазымына тағайындалды.

Мемлекет басшысының Жарлығымен Олжас Абайұлы Бектенов Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы болып тағайындалды, ол Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің) төрағасы лауазымынан босатылды.

Ғалымжан Тельманұлы Қойшыбаев Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Үкімет Аппаратының Басшысы лауазымына тағайындалды.

Роман Васильевич Скляр Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары лауазымына тағайындалды.

Серік Макашұлы Жұманғарин Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Сауда және интеграция министрі лауазымына тағайындалды.

Алтай Сейдірұлы Көлгінов Қазақстан

Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары лауазымына тағайындалды.

Ерұлан Кенжебекұлы Жамаубаев Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрі лауазымына тағайындалды.

Асқар Баймерденұлы Әмірханов Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары – Сыртқы барлау қызметінің директоры болып тағайындалды, ол бұрынғы атқарған лауазымынан босатылды.

Ғабит Жақыпбайұлы Байжанов Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасары – Сыртқы барлау қызметінің директоры лауазымынан босатылды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ЖАҢАШЫЛДЫҚ

НӘТИЖЕЛІ ЖҰМЫС – САПАЛЫ КӨРСЕТКІШ

Аудан әкімдіктерінің бюджеті екі есе ұлғайды

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

(Басы 1-бетте)

Осыған орай ағымдағы жылдың 1 сәуірінен бастап Алматы қаласының аудандық әкімдіктері жолдарды және инженерлік желілерді ағымдағы жөндеу, халықтың осал топтарына әлеуметтік қолдау көрсету, мектепке дейінгі ұйымдарды, шығармашылық үйірмелер мен спорт секцияларын жан басына шаққандағы қаржыландыру және т.б. бойынша жұмыстарды дербес жүргізе бастайды.

Жаңа функциялармен қатар сегіз аудан әкімдіктеріне 73,5 млрд теңгеден астам (Алатау – 17 млрд теңге, Алмалы – 5,9 млрд теңге, Әуезов – 13,3 млрд теңге, Бостандық – 7,5 млрд теңге, Жетісу – 7,9 млрд теңге, Медеу – 7 млрд теңге, Наурызбай – 5,6 млрд теңге, Түркісіб – 9 млрд теңге) қаржы бөлінді.

Функцияларды орталықсыздандыру бойынша өзгерістер қабылданғанға дейін аудан әкімдіктерінің тек ағымдағы жұмыстарға, оның ішінде абаттандыруға, тазалауға, көгалдандыруға және т.б. арналған өкілеттіктері мен қаражаттары шектеулі болды. Аудан әкімдіктеріне жаңа функцияларды беру және қосымша қаржыландыруды бөлу жергілікті жерлерде жедел шешім қабылдауға ықпал етеді. Әр аудан халқының қажеттіліктерін негізге ала отырып, бюджет қаражатын тиімді бөлуді қамтамасыз етеді және осы қызметтердің орындалуын одан әрі бақылауға мүмкіндік береді.

Орталықсыздандыру аясында аудандық әкімдіктерге халықтың әлеуметтік осал топтарын әлеуметтік қорғау бөлігінде жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бас-



қармасының функциялары берілді. Бұл жәрдемақы төлеу бойынша қызмет көрсету мерзімдерін қысқартуға және тұрғындарға тұрғылықты жері бойынша қызмет алуына мүмкіндік береді.

Атап айтқанда, аудандық әкімдіктер арқылы техникалық оңалту құралдарымен қамтамасыз ету ерекше қажеттіліктері бар адамдарға бейінді басқармаға жүгінбей жергілікті жерлерде проблемалық мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Аудандық әкімдіктерге Тен қогам, «Бақытты отбасы»

орталықтары, дәстүрлі қолөнер орталығы, белсенді ұзақ өмір сүру орталығы, «Шыңға өрлеу» секілді әлеуметтік жобаларды іске асыру бойынша функциялар да берілді.

Алматының қалалық мобильділік басқармасының жолдарға ағымдағы жөндеу жүргізу жөніндегі функцияларын аудан әкімдіктеріне беру арқасында олар тұрғындардың өтініштеріне дереу назар аударады және жергілікті жерлерде мердігерлік ұйымдарға тиісті бақылауды қамтамасыз ете отырып, жұмыстарды уақытылы жүргізетін болады.

НЕКЕ ЖӘНЕ ОТБАСЫ

«СЕНДЕРГЕ ӘРДАЙЫМ ОРЫН БАР...»

Енді некені халыққа қызмет көрсету орталығының қызметкерлері қияды

Биыл 1 шілдеден бастап қазақстандықтардың неке қию рәсімін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы өткізеді.

Құралай
ЖУМАДІЛОВА

Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және заң қызметін ұйымдастыру департаментінің хабарлауынша, бұл өзгеріс 2023 жылдың 1 шілдесінен бастап жүзеге асады.

«Кодекстің 13-бабына сәйкес неке (ерлі-зайыптылық) тіркеуші органдарда немесе арнайы жасақталған мемлекеттік неке сарайларында некеге тұратын адамдардың жеке қатысуымен қиылады. Ағымдағы жылдың



1 шілдесінен бастап рәсімді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы өткізеді», делінген хабарламада.

Бұған дейін департамент «ҚР-ның кейбір заңнамалық актілеріне инновацияларды ынталандыру, цифрландыруды дамыту және ақпараттық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңының аясында азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу функциясының «Азамат-

тарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына берілгенін түсіндірді.

Азаматтық хал актілерін, яғни туу, неке және қайтыс болу туралы куәліктерді тіркеу үшін төлемге де өзгерістер енгізілді.

«ҚР-ның кейбір заңнамалық актілеріне цифрлық активтер және ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2023 жылғы 6 ақпандағы Заңына сәйкес Кодекстің 182-бабына азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеу үшін ақы төлеу туралы өзгерістер енгізілді. Осыған байланысты азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркегені үшін алынатын алым мөлшерін мемлекеттік көрсетілетін қызметтер саласындағы уәкілетті орган (Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 11 желтоқсандағы №111 қаулысымен келісе отырып айқындайды», – деп атап өтті Әділет министрлігі.

ТАҒАЙЫНДАУ

ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ
БАСҚАРМАСЫНА ЖАҢА
БАСШЫ КЕЛДІ

Алматы қаласы әкімінің өкімімен Нұрлан Талғатұлы Нұрғабайұлы Алматы қаласы жер қатынастары басқармасының басшысы болып тағайындалды.

Нұрлан Нұрғабайұлы 1988 жылы 29 сәуірде Алматы облысы Үштөбе қаласында туған. Қазақ мемлекеттік Заң академиясын, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін (халықаралық құқық бакалавры), University of Dundee (халықаралық коммерциялық құқық магистрі) бітірген.

Н.Нұрғабайұлының ҚР Әділет министрлігінде және ҚР Ұлттық Банкінде мемлекет мүдделерін қорғау бөлігінде жұмыс тәжірибесі бар. Басқарушы директор лауазымында First Heartland JUSAN Bank АҚ, «АТФ банк» АҚ-да құқықтық мәселелерге жетекшілік етті, «БТА банк» АҚ-да активтерді қайтару бойынша жобаларға жетекшілік жасады.

Әр жылдары халықаралық консалтингтік компанияларда (Ernst & Young Global Limited, Curtis, Mallet-Prevost, Colt & Mosle LLP, «Macleod Dixon» ЖШС) жұмыс істеді.

ҚАРЖЫ БАСҚАРМАСЫНА
ЖАҢА БАСШЫ
ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Алматы қаласы әкімінің өкімімен Алматы қаласы Қаржы басқармасының басшысы болып Қанат Сухамбеков тағайындалды.



Қанат Сәдуақасұлы Сухамбеков 1992 жылы 17 тамызда Астанада туған. Қазақ гуманитарлық-заң университетін «Халықаралық құқық» мамандығы бойынша бітірген.

Қ.Сухамбековтың Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының ресми іс-шаралар және сыртқы байланыстар бөлімінде және Ақмола облысы әкімі аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс бөлімінде жинақтаған тәжірибесі бар.

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің мемлекеттік бақылау және ұйымдастыру-аумақтық жұмыс бөлімінің инспекторы қызметін атқарды.

Тағайындалғанға дейін Алматы қаласы әкімі аппараты басшысының орынбасары болып жұмыс істеді. Бұл позицияда инспекторлық жұмыс бөлімінің, ұйымдастыру және бақылау жұмысы бөлімінің, заң бөлімінің, қаржы-шаруашылық бөлімінің, ішкі аудиттің қызметін үйлестірді.



КӨГАЛДАНДЫРУ

АҒАШ ОТЫРҒЫЗУ

мамыр айының соңына дейін жалғасады

Алматы шын мәнінде жасыл желегімен әдемі, қызылды-жасылды гүлдерімен көркем. Шаһардың осы сәулігін сақтап, әлемге паш етуде Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасы мамандарының еңбегі зор.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Қазіргі таңда қала аумағында ағаш егу жұмыстары қарқын алуда. Басқарма мамандары күн бұдан да жылына түскенде шаһарға қызылды-жасылды гүлдер отырғызылатынын айтады.

Алматыда биыл көктемде 10 мың ағаш отырғызу жоспарланып отыр. Мамандар ағаш егу жұмыстары қалаға кейіннен қосылған аймақтарда басымдық берілетінін айтады. Естеріңізде болса, наурыз айының басында басқарма қала тұрғындарына көшеттерді тегін тарату бойынша «Жасыл аула» акциясын жария-



лаған болатын. Алматыны көгалдандыруға өз үлесін қосқысы келетін мегаполис тұрғындары шегіршін, сәнағаш, шаған мен қайыңның көшеттерін тегін алып, отырғызып, оларға күтім жасауы тиіс. Айта кету керек, акцияға қатысушылар

үш жыл бойы отырғызылған ағаштарды күту туралы кепілдік міндеттемені өз мойнына алады.

Міне, басқарма осы «Жасыл аула» науқанын қорытындылады. Басқарманың әлеуметтік паракшасындағы ақпаратқа сүйенсек, тегін көшет алуға алматылықтардан 568 өтініш келіп түскен. Оның 230-ына 2638 көшет таратылмақ.

Жасыл аула, бұл – мегаполистің экологиялық ортасын жақсартуға бағытталған қаладағы ауқымды бағдарлама. Осы тұста айта кеткен жөн, бізді қала тұрғындарының өз ауданын һәм ауласын көгалдандыруға бей-жай қарамайтындығы қуантып отыр. Басқарманың мәліметінше, науқанға биыл Бостандық пен Әуезов аудандарының тұрғындары ерекше белсенділік танытқан.

Айта кетейік, көктемгі ағаш отырғызу маусымы мамыр айының соңына дейін жалғасады. Екінші кезең күз мезгілінде жүзеге асырылады. Ол уақытта қала аумағында 300 мыңнан астам көшет егіледі. Жасыл желектердің көпшілігі Алатау және Наурызбай ауданы тұрғындарына берілімек.

ЖАСЫЛ АЛМАТЫ

ЖАҢА САЯБАҚ АШЫЛДЫ



Жетісу ауданындағы саябақтар қатары тағы бір саябақпен толықты. Көктем келгелі «Кемел» ықшамауданындағы жаңа саябақтың құрылысы қолға алынып, жөндеу жұмыстары басталды. Аудандық әкімшіліктің айтуынша, ондағы жұмыстар жылдың соңына дейін аяқталуға тиіс.

Рая
ЕСКЕНДІР

Сонымен қатар, «Көкмайса» ықшамауданындағы Есентай өзенінің сағасын абаттандыру жұмысы да аяқталды. Жалпы, «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында былтыр ауданда 23 жоба іске асырылып, балалар мен спорт алаңдары, қоғамдық кеңістіктер ашылған еді. Быыл аудан тұрғындарының өтініші бойынша 800 млн теңге бөлініп, 17 жобаны іске асыру жоспарланып отыр.

КЕЗДЕСУ КЕСТЕСІ

АУДАН ӘКІМДЕРІ

көпбалалы аналармен
8 кездесу өткізді

Алматы қаласының әкімі бекіткен кестеге сәйкес, 2023 жылдың наурыз айында аудан әкімдері көпбалалы аналармен 8 кездесу өткізді.

Кездесуге барлығы 114 көпбалалы отбасы келіп, әкімдерге 129 сұрақ жолданды. Оның 80-і бойынша түсініктемелер берілді, кездесулерден кейін 18 мәселе пысықталды, тағы 31-і қаралу үстінде.

НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР:

- * тұрғын үй алу (кезекке қою) – 24;
- * білім (балаларды мектептер мен балабақшаларға орналастыру, мектеп формасы, Art sport бағдарламасы.sport) – 14;
- * денсаулық сақтау – 10;
- * әлеуметтік жәрдемақылар (АӘК, азық-түлік жинақтары) – 18;
- * ТКШ және абаттандыру (газды қосу, сумен жабдықтау және су бұру) – 14;
- * жұмысқа орналасу және бизнес гранттары – 4;
- * көлік – 4;
- * басқалары – 41.

Қала әкімдігі аудан әкімдерінің көпбалалы аналармен 2023 жылғы сәуірге арналған кездесулерінің тиісті кестесін бекітті.

Еске салсақ, бұған дейін аудан тұрғындарымен кездесулер барысында көптеген өтініштерге байланысты Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев аудан әкімдерінің көпбалалы аналармен ай сайынғы кездесулерін ұйымдастыруды тапсырған болатын.

Аудан әкімдерінің қаланың көпбалалы аналарымен 2023 жылғы сәуір айындағы кездесулерінің кестесі			
Өтетін күні	Өтетін уақыты	Өтетін орны	Ескертпе
Алатау ауданы			
19.04.2023 ж.	Сағат 10.00	Алатау ауданы әкімінің аппараты (Жанқожа батыр, 26)	
Алмалы ауданы			
27.04.2023 ж.	Сағат 10.00	«Бақытты отбасы» орталығы (Наурызбай батыр, 106 А)	
Әуезов ауданы			
7.04.2023 ж.	Сағат 10.00	Әуезов ауданы әкімінің аппараты (Алтынсарин даңғылы, 23)	
Бостандық ауданы			
12.04.2023 ж.	Сағат 10.00	№63 мектептің акт залы (Шмелев, 88, Ә.Кекілбайұлы көшесінің қиылысы)	
Жетісу ауданы			
20.04.2023 ж.	Сағат 15.00	«Бақытты отбасы» орталығы (Жансүгіров көшесі, 65)	
Медеу ауданы			
25.04.2023 ж.	Сағат 10.00	№99 мектеп (И.Қоңыр көшесі, 53)	
Наурызбай ауданы			
18.04.2023 ж.	Сағат 10.00	Наурызбай ауданы әкімінің аппараты («Шұғыла» ықшамауданы, 347)	
Түрксіб ауданы			
26.04.2023 ж.	Сағат 10.00	«Бақытты отбасы» орталығы (Р.Зорге көшесі, 9)	

АЛМАТЫ АУДАНАРЫ

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ
АКЦИЯ ӨТТІ

Алатау ауданының тұрғындары «Таза Alatau» экологиялық акциясы аясында сенбілікке шықты.

Алатау ауданы коммуналдық шаруашылығы Алматы қалалық Экология және қоршаған ортаны қорғау басқармасымен бірлесіп, Мөңке би көшесінде сенбілік ұйымдастырды. Жалпы, «Таза Alatau» экологиялық акциясына 200-ден астам адам қатысты.

«Барлығы 200 адам және 30 арнайы техниканың көмегімен 410 куб метрге жуық қоқыс шығарылды. Іс-шараға қатысқандарыңыз үшін барлықтарыңызға рахмет айтамыз», – деп Алатау ауданының әкімі Азамат Қалдыбеков әлеуметтік желіде алғысын білдірді.

Сондай-ақ, Қарағайлы орманында экологтар мен партия өкілдері бірлесіп 50 түп ағаш отырғызды.

Айта кету керек, өткен жылы ауданда 18 мыңға жуық көшет отырғызылған болатын.

ҚҰРЫЛЫС НЫСАНДАРЫ
ТЕКСЕРІЛДІ

Медеу ауданында салынып жатқан нысандар тексерілді.

Медеу ауданының әкімі Еркебұлан Оразалин тұрғындармен кездесіп, салынып жатқан нысандардың сапасын тексерді.

Жұмыс сапары кезінде аудан әкімі Қаппаров көшесі бойындағы жеке нысан құрылысының барысын тексерді, ондағы кемшіліктер анықталып, оларды жою үшін уақыт берілді.

Сонымен қатар, аудан әкімі жақын маңдағы үйлердің тұрғындарымен бірге Снегин көшесі бойында нысан салу жобасын зерделеді. Кездесу барысында аумақты абаттандыру, көгалдандыру және т.б. мәселелер талқыланды.

Келесі кезекте аудан әкімі «Кеңсай» ықшамауданындағы отбасылық-дәрігерлік амбулаторияның, сондай-ақ, тірек пунктінің жұмысымен танысты.

ӨЗАРА ТӘЖІРИБЕ
АЛМАСТЫ

Наурызбай ауданында «Өрлеу» қоғамдық бастамасы АҚШ мамандарымен кездесті.

Наурызбай ауданының нашакорлық пен есірткі бизнесіне қарсы іс-қимыл жөніндегі штаб жанындағы «Өрлеу» қоғамдық бастамасының мүшелері мен АҚШ елшілігі және АҚШ Мемлекеттік департаментінің есірткінің заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі өкілдері арасында кездесу өтті.

Кездесу барысында қатысушылар есірткі бизнесіне қарсы күрес әдістерімен және нашакорлықтың алдын алу бойынша жұмысты ұйымдастыру тәжірибесімен бөлісті.

Әзірлеген Досбол АТАЖАН.



ҚАУІПСІЗДІК

МОПЕДТЕР ДЕ НӨМІР ТАҒАДЫ

Қазір қала көшелерінен қос дөңгелекті көліктердің түр-түрін кездестіреміз. Жасы да, кәрісі де мінуге құмар көліктер бір қарағанда өте ыңғайлы. Кептелісте тұрмайсыз, уақыт үнемдеуге де тиімді-ақ. Бірақ олар жол ережесін жиі бұзады.

Алматы полицейлері екі жылдан бері ереже бұзған көлік иесін жауапқа тарту жалғасса да, мопедті шлемсіз жүргізіп, жаяу жүргіншілер жолымен жылдамдықты арттырып айдайғындар әлі де көп екенін айтады. Сондықтан талапты одан әрі күшейту үшін «Сергектің» көмегімен жүзеге асатын пилоттық жоба ұсынып отыр. Бұл жүргізушінің жеке мәліметін арнайы базаға тіркеуге, жол ережесін бұзғандарды анықтап, айыппұл салуға мүмкіндік береді дейді олар.

Алматы қалалық Полиция департаменті жергілікті полиция қызметі басқармасының басшысы Ержан Ұзабаевтың айтуынша, жас шектеулерін белгілейтін заңнамалық нормалардың болмауына байланысты көліктің бұл түрін ересек тұрғындармен тең дәрежеде тәуекелі жоғары балалар да пайдаланады. Қос дөңгелекті көліктерді пайдаланатындар жаяу жүргіншілерге арналған тротуарлармен



және үлкен жолдармен жүреді. Бұл жол-көлік апатының көбеюіне әсер етуде.

– Мопед мінгендер автокөліктердің арасында ойланбастан түрлі маневрлар жасайды, апаттық жағдайлар туғызады, бағдаршамның қызыл түсіне өтіп кетеді, жолдың қарама-қарсы бетіне шығып кетеді, жаяу жүргіншілер жолымен

де жүре береді. Бір сөзбен айтқанда, әртүрлі жерде табан астында пайда болып, дәл солай жозалып кетеді. Алдын алу шаралары кеңінен жүргізілсе де, мопед жүргізушілер тарапынан жол ережесін бұзу оқиғалары азаймай тұр. Себебі, олардың көпшілігі жазасыз қаламыз деп ойлайды. Бірақ бұл жалған сенім. Құқықбұзу-

шылық анықталған жағдайда, полиция шара қолданатын болады. Жүргізушінің әкімшілік жауапқа тарта отырып, көлік құралын айыппұл тұрағына қояды, – деді Ержан Ұзабаев жедел жеткізу қызметтерін көрсететін курьерлік қызметтердің басшыларымен кездесуінде.

Полиция өкілінің мәліметінше, Алматыда жыл басынан бері мопед мінгендерге қатысты 199 жол апаты болып, салдарынан 198 адам зардап шегіп, бір адам қаза тапты. Өткен жылы 778 жол апаты орын алып, 836 адам зардап шеккен, 7 адам қайтыс болған.

– Қазір біз пилоттық жоба шеңберінде ұсынып отырмыз. Бұл жоба арқылы курьері бар компаниялардың қызметкерлерін арнайы базаны құру арқылы, олардың карта арқылы жүріс-тұрысын қадағалап, сонымен қатар жылдамдықты асырды ма, жол жүзу ережесін бұзды ма деген сияқты сұрақтарға жауап береді. Негізгі бейнекамералардың көмегімен құқық бұзғанды айқындайды. Сонымен қатар, мопед жүргізушілерді жеке қауіпсіздігі үшін түнгі уақытта жүрген кезде киімдеріне немесе көлік құралдарына шағылыстыратын элементтердің болуы қажет, – деп атап өтті Е.Ұзабаев.

Айта кетейік, қазіргі уақытта ҚР Ішкі істер министрлігінде қозғалтқыштың көлемі 50 текше сантиметрден асатын мопедтерді мемлекеттік тіркеуге жататын көлік құралдары түрлерінің тізбесіне енгізу бойынша заңнамаға түзетулер енгізу туралы мәселе қаралуда.

ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ

ЖІТІ БАҚЫЛАНАДЫ

Алматы қалалық Полиция департаментінің басшысы Арыстанғани Заппаров қала тұрғындары алдында есеп бергенде, мегаполисте жол қауіпсіздігі қала тұрғындары мен қонақтарының жайлы әрі қауіпсіз өмір сүруінің маңызды факторы екенін айтты.

Бас полицейдің айтуынша, бүгінде Алматыда 2,1 миллионнан астам адам тұрады. Оларға 550 мыңнан астам көлік тіркелген. Сонымен қатар, келетін және кететін көліктердің тәуліктік ағыны 250 мың және одан да көп.

– Қарбалас уақытта біз негізгі магистральдық көшелерді қолмен басқаруға ауыстырамыз. Қызметкерлерге қосымша оқыту жүргіземіз, басқа көліктердің өтуін шектейтін және тарылтатын көлік құралдарын өздігінен тұраққа қойып кететін орындарында алдын алу шараларын жүргіземіз. Сондай-ақ, жол-көлік оқиғаларын, жол-көлік жарақаттары мен адам өлімін азайту мақсатында күн сайын жол-көлік оқиғаларына талдау жүргіземіз, соның негізінде қауіпті аймақтар патрульдеу арқылы күшейтіледі. Қалалық мобильділік басқармасымен бірлесіп, жол инфрақұрылымы жетілдіріліп жатыр, – деді Арыстанғани Расылханұлы.

Алматы полициясының мәліметінше, өткен жылы қала жолдарында 1 млн 348 мың 981 ЖКЕ бұзу фактілері анықталған. Сот үкімімен 3630 жүргізуші көлік жүргізу құқығынан айырылып, 2610 жүргізуші әкімшілік қамауға алынған.

– Қауіпті жүргізушілерді анықтаудың тиімді құралы – «Қорғау – Қауіпті жүргізуші» жүйесі. Ол жалған нөмірлі көліктерді, көлік жүргізу құқығынан айырылған жүргізушілерді, қылмыстық көліктерді, айыппұл төлемейтіндерді және тағы басқаларды автоматты түрде анықтайды, – дейді бас полицей.

Қала көшелерінде таңғы және кешкі қарбалас кезеңде көлік нөпірі шамадан тыс артып, кептеліске алып келетіні жасырын емес. Әрине, оған жол-көлік оқиғасы, бағдаршамның жұмыс істемей қалуы тікелей әсер ететінін жоққа шығармаймыз. Кейде тіпті, ауа райының күрт өзгеруі де кептеліс туындатып жатады. Демек, айта берсек, себеп көп. Сондықтан жауапты сала мамандары бұл мәселені дер кезінде қолға алып, қажетті жұмыстардың орындалуына бастамашы болады деп сенеміз.



ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Үлкен Алматы айналма жолы
Жол жүру ақысы қанша болады?

ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Үлкен Алматы айналма жолындағы жол жүрудің болжамды бағасын жариялады.

Министрліктің бұйрығы «Ашық НҚА» сайтында «Республикалық маңызы бар жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолының Үлкен Алматы айналма жолы» учаскесін ақылы негізде пайдалану туралы» деген тақырыппен жарияланған.

Жоба әлі де қоғамның талқылауында. Сондықтан белгіленген тарифтер бұйрықтың соңғы нұсқасында өзгеруі мүмкін. Жобаны талқылауға 2023 жылғы 17 сәуіріне дейін қатысуға болады.

Үлкен Алматы айналма жолы бойынша бір реттік сапардың бағасы:

- Автокөліктер – 0,07 АЕК (241,5 теңге);
- 16 жолаушыға арналған автобустар мен жүк көтергіштігі 2,5 тоннаға дейінгі жүк көліктері – 0,12 м/н (414 теңге);
- 32 жолаушыға арналған автобустар мен жүк көтергіштігі 5,5 тоннаға дейінгі – 0,22 м/н (759 теңге);



- 32 жолаушыға арналған автобустар мен жүк көтергіштігі 10 тоннаға дейінгі жүк көліктері – 0,36 миль (1242 теңге);
- Жүк көтергіштігі 10-нан 15 тоннаға дейінгі жүк көліктері – 0,43 мр. (1483,5 теңге);
- Жүк көтергіштігі 15 тонна және одан да көп жүк көліктері, оның ішінде тіркемесі бар, жүк көлігі тракторлары – 0,72 мр. (2484 теңге).

БРИФИНГ

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІК

Қалада 10 жаңа заманауи полиция бекеті ашылады



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Бұл туралы Ішкі істер министрлігінің өкілі Шұғыла Тұрлыбек ведомствоның онлайн брифингінде мәлімдеді.

«Қала әкімдігінің қолдауымен тұрғын массив пен қала аумағының кеңеюіне, халықтың көбеюіне байланысты 10 заманауи учаскелік полиция бекетін салу жоспарланып отыр. Бұл бекеттер бүкіл халықаралық стандарт талаптарына сай болады. Құрылыс компаниясымен жасалған келісім

бойынша салынып жатқан тұрғын үйлерден учаскелік полиция бекетіне үй-жай ұсынылады. Құрылыс компаниясы үй-жайды әрлеуді, қажетті жиһазбен жабдықтауды мойнына алады. Аулалар мен кіреберістердегі, полиция бекетінің қарауына жататын аумақтағы камералардың бәрі осы полиция бекетіне жалғанады. Үй-жай полицияның пайдалануына уақытша беріледі. Жаңа полиция бекеттерін ашу тұрғын үй кешендеріндегі халықты қажетті учаскелік полиция қызметкерлерімен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді», – деді Шұғыла Тұрлыбек.

Полицияның жаңа учаскелік бекеттері салынып жатқан тұрғын үйлердің базасында, «Теремки», «City Plus», «Alma city 5» және «City Park» тұрғын үй кешендерінен ашылмақ.

Бетті әзірлеген Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



● ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫ: АЙТЫЛДЫ — ОРЫНДАЛДЫ

МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНДА ОҢ ӨЗГЕРІСТЕР БАР

Досбол
АТАЖАН

«Біз мәдениет саласында жұмыс істейтін азаматтарға жеткілікті түрде көңіл бөлмей отырмыз. Бұл – ең алдымен, кітапхана, музей, театр қызметкерлеріне қатысты мәселе. Үкімет мәдениет қызметкерлерінің еңбекақысын көбейтуі тиіс», – деп Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында тапсырма берген болатын.

Мәдениет және спорт министрлігі Президент тапсырмасы аясында келесідей жұмыстар атқарылғанын хабарлады:

- 2022 жылы мәдениет және архив ісі қызметкерлерінің еңбекақысы 23%-ға көтерілді.

- Биыл жыл басынан сала қызметкерлерінің еңбекақысы тағы 22%-ға артты.

- Алдағы екі жылда мәдениет және архив ісі қызметкерлерінің айлығы 55%-ға көтерілетін болады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылға дейін республикалық мәдениет және архив ісі ұйымдары қызметкерлерінің еңбекақысын 100%-ға көтеру туралы тапсырмасы аясында биыл 1 қаңтардан сала мамандарының айлығы орта есеппен тағы 22%-ға артты. Осылайша соңғы екі жылда 64 мыңға жуық мәдениет және архив ісі қызметкерлерінің еңбекақысы орта есеппен 45%-ға көтерілді.

«2023 жылдың қаңтарынан барлық санаттағы қызметкерлердің айлығы өскенін атап өту керек. Бұл басшылар мен жетекшілер, негізгі персоналмен қатар, еден жуушы, күзетші, вахтер секілді жұмыскерлердің де еңбекақысы көтерілді», – деді ҚР Мәдениет және спорт вице-министрі Нұрғиса Дәуешов.

Мәдениет және спорт министрлігі сала мамандарының айлығын одан әрі ұлғайтуға бастамашы болады. Мәселен, шығармашылық жоғары оқу орындарындағы концерт-мейстерлердің еңбекақысын көтеру жоспарда бар. Ол үшін заңнамалық актілерге тиісті өзгерістер енгізу бойынша белсенді жұмыс жүріп жатыр.

Сондай-ақ, «Ұлттық» мәртебесі бар мәдениет ұйымдары қызметкерлерінің еңбекақысы екі есеге жуық өсті. Бүгінде елімізде осы санатқа жататын 5 ұйым бар. Министрлік алдағы уақытта аталған нысандардың тізімін кеңейтуді жоспарлап отыр.

Мәдениет және спорт министрлігі
Мемлекет басшысы тапсырмаларының
орындалуы туралы есеп берді.



Қаламгерлерді қолдаймыз

«Қазақ қаламгерлерінің үздік шығармаларына қоса, балаларға арналған шетел жазушыларының да таңдаулы туындыларын аударып, көптеп басып шығаруды және таратуды қолға алған жөн», – деп Президент өзінің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында тапсырма берген еді.

Мемлекет басшысының тапсырмасы негізінде Мәдениет және спорт министрлігі тарапынан мынандай іс-шаралар ұйымдастырылды:

- 2021 жылы отандық қаламгерлердің балаларға арналған 40 көркем әдебиеті жалпы таралымы 120 мың данамен

басылып шығып, еліміздегі кітапханаларға таратылды. Оның ішінде 4 кітап әлем балалар әдебиеті авторларының қазақ тіліндегі аудармасы.

- 2022 жылы 23 балалар әдебиеті жалпы таралымы 69 мың данамен аймақтардағы барлық мемлекеттік кітапханаларға таратылды. Оның ішінде 2-еуі әлем балалар әдебиетінің қазақ тіліндегі аудармасы.

- 2022 жылы «Үздік балалар әдебиеті», «Үздік комикс» сынды 7 номинациядан тұратын «Айбоз» ұлттық әдеби байқауы ұйымдастырылды. Жеңімпаздарға 5 млн теңгеден қаржылай сыйлық табысталып, еңбектері басылып, кітапханаларға таратылды.

- 2023 жылы балалар әдебиетін және жас қаламгерлерді қолдау мақсатында алғаш рет Президенттік арнаулы әдеби сыйлық тағайындалады. Президенттік әдеби сыйлық 18–35 жас аралығындағы жас қаламгерлерге «Проза», «Поэзия», «Драматургия», «Балалар әдебиеті» номинациялары бойынша табысталып, әр жеңімпазға 4 млн теңгеден астам сыйақы беріледі.

Тарихи құжаттар елге қайтарылды

Президент тапсырмасы аясында 2022 жылы шетелден 7000 тарихи құжат елге қайтарылды.

Құнды құжаттарда еліміздің тарихы туралы тың ақпараттар бар. Оларды қазір отандық тарихшылар мен ғалымдар зерттеп жатыр. Құжаттар Венгрия, Германия, Италия секілді және т.б. Еуропалық Одақ елдерінен әкелінген. Былтыр ғалымдарымыз 14 мемлекетке іздестіру-зерттеу жұмыстарымен барды. Олар жинаған құжаттар қатарында 445 фотосурет, 206 кітап және сирек қолжазбалар бар. Хронологиялық тұрғыдан 918–1990 жылдар аралығын қамтиды. Қайтарылған құжаттар ҚР Ұлттық архивіне тапсырылды. Қазір Мәдениет және спорт министрлігі бірыңғай деректер базасын құру бағытында жұмыс жүргізіп жатыр. Бағалы тарихи құжаттарды тарату үшін фотоальбомдар, жинақтар, хронографтар, өмірбаяндық анықтамалықтар және басқа да пайдалы материалдар баспадан шығарыла бастады.

«Археологтар мен тарихшыларымыздың жұмысы мұнымен бітпейді. 2025 жылға дейін қазақстандық ғалымдар шетелге тағы бірнеше экспедиция жоспарлап отыр», – деп атап өтті Мәдениет және спорт вице-министрі Нұрғиса Дәуешов.

● ӘЛЕУМЕТ

МҮГЕДЕК ЖАНДАР ғимаратқа кедергісіз кіріп, шыға ала ма?

Мүмкіндігі шектеулі адамдардың мүгедектігі бар демесек, олар да қоғамның толыққанды мүшесі. Олар да жақсы өмір сүруге құқылы. Төрт қабырғаға қамалып, үйде отырып қалмай, баратын жеріне еш кедергісіз, қоларбасымен де, сүйенген таяғымен де емін-еркін кіріп, шығуға тиіс. Бұл тұрғыда шаһарда қандай жұмыстар атқарылуда?

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Өрине, мүмкіндігі шектеулі азаматтардың қоғамнан тыс қалмауына соңғы уақытта мемлекет тарапынан жіті көңіл бөлінуде. Олар үшін айналасының бәрі кедергісіз аймаққа айналуға тиіс екенін ұдайы айтып келеді. Кеше қалаға қарасты Бостандық ауданы әкімдігінің өкілдері мүмкіндігі шектеулі жандардың қоғамдық бірлестігімен бірлесіп, мегаполистегі әлеуметтік нысандардың мүгедектігі бар адамдар үшін қаншалықты қолжетімді екендігін тексеру үшін көшпелі мониторинг жүргізді.

Жалпы, Бостандық ауданында 8837 мүмкіндігі шектеулі жан тұрады. Биылдан бастап қазірге дейін ауданда тұратын мүгедек азаматтарға арналған қолжетімді ортаның сақталуы тұрғысынан әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін түгендеуді (паспорттауды) ұйымдастыру және жүргізу жөніндегі жұмыс тобының мүшелерімен бірлесе 533 нысан толықтай бейімделді және 566 нысанға паспорттау жұмыстары жүргізілген. Сонымен қатар, Бостандық ауданында биылға объектілерді бейімдеу бойынша – 30 нысан, паспорттау бойынша – 24 нысан және Аманат партиясының «Өзгерістер жолы: әркімге лайықты өмір!» атты сайлауалды бағдарламасына сәйкес ауданның бұрын ішінара бейімделген әлеуметтік және көлік инфрақұрылымы объектілеріне толық бейімдеуді жүргізу тұрғысында 37 нысан болып бекітілген.

Сол нысандардың ішінде М.Мақатаев атындағы №140 мектеп-гимназиясы да бар. Бостандық ауданының әлеуметтік салаға жауапты мамандары, мүмкіндігі шектеулі жандардың мүддесін көздейтін қоғамдық бірлестіктер өкілдері кіретін мониторингтік топ құрамы осы білім шаңырағында болып, нысанның мүгедек азаматтарға қаншалықты қолжетімді екенін тексеріп көрді.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Мектеп-гимназияның кіреберісіне «көмекке шақыру тетігі» қондырылыпты. Яғни сырттан келіп тұрған қоларбадағы адам сол қоңырауды басып, іштегі қызметкерге хабар береді де, өзі пандус арқылы көтеріледі. Сондай-ақ, есік аузында көзі нашар көретін немесе зағип жандарға арналып Брайль әріптері бар тактильді тактайшалар орналастырылған. Көзі көрмейтін адам тактайшаны саусақ іздерімен басу арқылы қайда баратынын ешкімнің көмегінен біле алады. Аяқтың астына төселген тактильді темір плиткелер де көру қабілеті нашар немесе зағиптардың ғимарат ішіндегі қозғалысын жеңілдетері сөзсіз. Айтпақшы, мектеп ішінде құлағы естімейтін балалар үшін арнайы инклюзивті кабинет жабдықталған. Асханада да ерекше балақайлар үшін барлық жағдай жасалғанын көрдік.

Мониторингтік топ білім ошағының әжетханасын да қарап шықты. Ондағы қол жуғыштың, унитаздың орналасуын қарады. Олардың жанына таяқты іліп немесе балдақты бекітіп қоятын әмбебап қауіпсіздік ұстағышы да бар екен. Міне, осы жағдайдың бәрі мүмкіндігі шектеулі азаматтардың ғимаратқа ешкімге жағдай айтып, біреудің уақытын алмай, ешкімнің көмегінен, өзі-ақ кіріп-шығуына мүмкіндік береді. Қолжетімді нысан деген осы.

● САРАПШЫ ПІКІРІ

Қоңырау тетігі қолжетімді болса

Ұлан ІҢКӘРБЕК,
Бостандық ауданы әкімінің мүгедек жандар мәселесі
жөніндегі штаттан тыс кеңесшісі, аудандық
«Мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігінің
төрағасы:

– Біз бүгін қаладағы еңселі мектептердің бірін аралап шықтық. Мүгедек адамдардың кіріп-шығуына жасалған жағдай жаман емес. Көп дүние жасалғаны көрініп тұр. Көзі көрмейтін жандарға арналып орнатылған арнайы тактайшалары дұрыс. Дегенмен, кіреберістегі үлкен дәліздің ортасында тұрған ұзын колонналарға зағип адам басын ұрып алмас үшін арнайы белгі орнатып қойған дұрыс болар еді. Осы орайда әжетханадағы екі кемшілікті атап кетейін. Унитаз дәл ортада орналасқандықтан, мүгедек адамның қоларбасы жанына сыймайды. Сондықтан оны сол жаққа, шеткерірек жылжытқан дұрыс. Қоңырау тетігі жоғарылау қондырылыпты. Егер адам ғайыптан құлап қалса, көмек шақыру үшін тетікті басуға қолы жетпей қалуы мүмкін. Әжетхана іші кең екен, айналып, бұрылуға қолайлы, сонысы жақсы екен. Жалпы, қаладағы нысандардың мүмкіндігі шектеулі жандарға қолжетімді болуы мақсатында жасалып жатқан жұмыстарға оң деген баға беруге болады. Біз көшпелі мониторинг жұмысын одан әрі жалғастыратын боламыз.



ЖАҚСЫ КІТАП – ЖАН АЗЫҒЫ

КІТАП ЖӘРМЕНКЕСІ

Іс-шараға отандық 25-тей баспа мекемесі мен кітап дүкендері қатысты

(Басы 1-бетте)

Сенбінің таңында «Ғылым ордасы» ғимаратының айналасына халық көп жиналды. Өйткені, кітапсүйер қауым үшін бұл іс-шара – үлкен мереке.

Кітап жәрменкесінің негізгі ұйымдастырушысы Алматыдағы ҚР Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы. Бұл жәрменке өткен жылдың мамыр айынан бері өткізіліп келеді. Жәрменкеде негізінен қазақтілді кітаптар қойылған, бірақ орыс, неміс, қытай, ағылшын тілдеріндегі кітаптарды да көзіміз шалды. Сондай-ақ, балалар әдебиеті, оқулықтар, энциклопедиялар, сөздіктер мен тарихи зерттеулер де жетерлік. Жәрменкеге «Атамұра», «Мектеп», «Қазақ университеті», «Алматыкітап», «Отбасы хрестоматиясы» секілді халыққа кеңінен танымал баспалар қатысты.

– Біз қала әкімдігінің Мәдениет басқармасына жәрменке өткізу туралы өтініш айттық. Бастамамызға қолдау білдіргені үшін әкімдікке үлкен алғысымызды білдіреміз. Былтырғы үлкен кітап жәрменкесіне Қазақстаннан ғана емес, Қырғызстаннан, Өзбекстаннан, Ресейден 60-қа жуық кітап шығарушы қатысқан болатын, үш күн бойы көрме-жәрменке өткізілді. Барлық қатысушы да, баспагерлер де, оқырмандар да бізге алғысын білдірді. Жәрменкеге келушілер үшін бұл іс-шара үлкен рухани оқиға болды. Жазушылармен кездесу-



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



лер мен қолтаңба сессиялары өткізілді. Осы ауқымды халықаралық жобаны биыл мамыр айында жалғастыруға ниеттіміз, ал әзірше көктемнің келуін атап өтіп, алматылықтарды қазақстандық кітап шығарушылармен таныстырғымыз келетін шағын бір күндік жәрменке ұйымдастырдық. Біздің жәрменкемізді өткізу бойынша барлық қаржылық жүктемені, кітап шатырлары мен сахна орнатуды, әртістерді шақыруды қала әкімдігі өз мойнына алды және біз оларға көмегі үшін өте ризамыз. Әрбір баспагердің кітаптарды дүкендерде сатуға мүмкіндігі жоқ. Біреуі кітаптарын кеңселерде, интернет арқылы сатады, бірақ бұл жеткіліксіз. Осындай жәрменкелердің арқасында оқырмандар баспалар мен авторлар туралы

көбірек біліп, кітап сатып алады. Кеңес заманында қазақ тіліндегі кітаптардың тапшылығы болды, қазір сұраныс өте жоғары, сондықтан көптеген басылымдар мемлекеттік тілде шығады. Қазіргі кітаптардың мазмұны мен безендірілуі өте жақсы. Кез келген кітап шығарушы біздің қауымдастыққа қосылып, жәрменкелерге тегін қатыса алады. Тіпті өз есебінен кітап шығаратын авторлар үшін біз өткен жылғы жәрменке кезінде жеке шатыр бөлдік. Онда олар өз жазбаларын жүзеге асырды, оқырмандарға қолтаңба таратты. Мұндай мүмкіндік оларға мамыр жәрменкесінде де беріледі, – деді ҚР Ұлттық мемлекеттік кітап палатасының директоры Әділ Қойтанов.

Б.ҚОШМАҒАНБЕТҰЛЫ – 100

Алматыда Мультимедиялық дәстүрлі музыка орталығында күйші-композитор Боранқұл Қошмағанбетұлының 100 жылдығына арналған.

Мәдени кеште Оңтүстік Қазақстан, Қаратау күйшілік мектебіне үлес қосқан күйші Боранқұл Қошмағанбетұлының домбырасын қабылдау рәсімі өткізілді. Сондай-ақ, күйшінің мерейтойына орай «Кең жайлау» атты күйлер жинағының тұсауы кесілді. Аталған кітапта күйшінің отыз екі күйі нотаға түсіріліп, әр күйдің шығу тарихы жазылған. Бұл кітапқа автордың «Жекеме, батыр, жекеме», «Үкілімайдың анасын аңсауы», «Немере жұбанышы», «Ықылас туралы толғау», «Ешкілі таудың етегі» сынды күйлері кірген.


Жаңа заманның талабына сай күйлерді кез келген гаджеттен QR код арқылы тыңдауға мүмкіндік бар.

Алматы қаласы музейлер бірлестігінің директоры Ляззат Сағындықованың айтуынша, бүгінде қазақ күйлері әлемнің назарын өзіне аударуда. «Қазақ өнеріне өлшеусіз үлес қосқан тұлғаларымызды ардақтау біздің басты міндетіміз», – дейді ол.

Боранқұл Қошмағанбетұлы 1923 жылы Шу өңірінде дүниеге келген. 1944 жылы Жамбылдағы педагогикалық училищені тәмамдап, ұстаздық еткен. Күйшінің ұрпақтары Сәметбек, Сейдірахман мен Бекмұхан Боранқұл Мультимедиялық дәстүрлі музыка орталығына Боранқұл Қошмағанбетовтың өзі ұстаған домбырасын сыйға тартты. Аспапта 1938 деп ойылып жазылған. Дәл осы кезде бұл домбыра күйшіге сыйлыққа берілген екен.

КҮЙШІНІҢ ҒАСЫР ТОЙЫ

«Боранқұл Қошмағанбетұлының домбырасы – музей сахнасында» атты музыкалық кеш өтті



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Күйшіге арналған кеш барысында Нұрлан Түменбаев және композитордың басқа да ұрпақтары, шәкірттері студенттерге Боранқұл Қошмағанбетовтың күй орындау ерекшеліктері туралы әңгімелеп берді. Сондай-ақ, жас буынға халықтың рухани мұрасын жеткізу үшін күйшінің музыкалық репертуарынан күйлер тыңдаты.

Мультимедиялық дәстүрлі музыка орталығының жетекшісі Роза Қаженова айтып өткендей, Боранқұл Қошмағанбетовтың есімі Қазақ дәстүрлі мәдениеті тарихында алтын әріптермен жазылып қалды. Ол Оңтүстік Қазақстандағы Қаратау дәстүрлі музыкалық мектебіне өлшеусіз үлес қосты.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Роза ҚАЖЕНОВА, Мультимедиялық дәстүрлі музыка орталығының жетекшісі:

Ұлт мұрасы – мол байлық

– Біздің мультимедиялық орталық пен Ықылас атындағы халық аспаптары музейі дәстүрлі музыканы насихаттаумен айналысады. Бүгінгідей музыкалық кештерге Сәуле Жанпейісова, Рамазан Стамғазиев, Мұрат Әбугазы, Талғат Әбугазы, Эльза Қарабалына сынды елге белгілі дәстүрлі өнер өкілдері атсалысады. Олар үнемі бізге қолдау білдіріп, ұлттық мәдениетіміздің тарихын сақтап қалуға барын салып жүр. Алдағы уақытта белгілі күйшілердің мұрасын зерттеп, оларды жастар арасында насихаттауды мақсат етіп отырмыз. Сондай-ақ, біз әр ай сайын қайырымдылық кездесулерін ұйымдастырып, балалар үйінен, әлеуметтік үйлерден қонақтар шақырып, біздің орталықпен таныстырамыз.

Бетті әзірлеген Айнұр СЕНБАЕВА.



ҚАЛАДАҒЫ КӘСІП

КҮМІСТЕН ТҮЙІН ТҮЙГЕН



Айнұр
СЕНБАЕВА

Алматылық Ақжол Ахметова күмістен түрлі әшекей бұйымдар жасауды кәсіпке айналдырған. Ол «Бизнестің жол картасы–2025» мемлекеттік бағдарламасы аясында 2021 жылы зергерлік бұйымдар жасайтын өндірістік цех ашу үшін 5 млн теңге көлемінде грант ұтып алған болатын. Кәсіпкер мемлекеттік бағдарламаға қатысу үшін «Qolday» кәсіпкерлік орталығына өтініш береді. Өңірлік комиссия мүшелерінің алдында жобаны сәтті қорғап, қаржы қолына тигеннен кейін зергер кәсібін бастап кетті. Міне, содан бері 2 жыл уақыт ішінде Ақжол әжептәуір жетістікке жетті.

«Құлағыңа таққаның күміс сырға, күмбірлетіп шығасың күнде қырға» деп халық әнінде шырқалғандай, күмістен жасалған бұйымдарды халқымыз ежелден-ақ ерекше бағалап, тұрмыс-тіршілігінде кеңінен қолданған. Күміс күмған, күміс қасық секілді ыдыс-аяқтардан бөлек қыз-келіншектердің ажарын кіргізіп, сән-салтанатын келтіретін жүзік, сырға, алқа, оюлы білезіктер қай заманда да құнды. Ал қазақтың зергерлік өнері – тамыры тереңге жайылған дәстүрлі мәдениетіміздің ең көрнекті саласы.

Зергерлік әркімнің қолынан келе бермейтін киелі өнер. Зергер болу үшін тумасынан дарыған табиғи дарын керек. Сондай-ақ, зергерлік – атадан балаға мирас болып қалатын, ұстаздан шәкіртке даритын ата кәсіп. Халқымыздың дүниетанымымен астасып жатқан бұл қастерлі өнердің өкілдері бүгінде арамызда жүр.

Он саусағынан өнер тамған Ақжол Ахметоваға зергерлік атасынан дарыған. Зарықбек ақсақал темірден түйін түйген шебер, бесаспап ұста кісі болған екен. Сонау 1950 жылдары Қытайдан атажұртына көшіп келген Зарықбек Жақияұлы өзінің қолөнерімен Семей өңіріне, ауыл-аймаққа танылған.

«Атамның кәсібін жалғастырсам, қазақтың қастерлі өнерін жандандырсам деген арманым болды. Ол кісілердің заманында күміс, алтын деген қат, тапшы болды ғой. Соған қарамастан, атамның қолынан тиген темір, металдардан бесік, орындық секілді тамаша дүниелерді жасаған. Әжеміз де тігініші, қолөнер шебері болған екен. Өз әкем де қолөнерден құралақан емес. Менің

негізгі мамандығым – эколог және бастауыш сынып мұғалімімін. Екі бірдей жоғары білімім болса да, жүрегім зергер болуды, әдемі бұйымдар жасауды қалады. Мемлекеттік бағдарлама менің арманымды жүзеге асыруыма, ұлттық нақыштағы зергерлік бұйымдарды жасайтын кәсіп ашуыма мүмкіндік берді. Кәсіп ашам деген өзім секілді көпбалалы аналарға мемлекеттің қолдауы зор көмек», – дейді Ақжол.

Шағын ғана цехта кәсібін дөңгелетіп отырған Ақжол Ахметова мемлекеттік бағдарламадан түскен қаражатқа лазерлік кесуге, балқытуға, құюға, күмісті жылтыратып, өңдеуге арналған станоктар, сондай-ақ қажетті шикізаттарды, мыс, күміс, табиғи тастар сатып алды.

Шебер келіншектің алғашқы клиенттері – өзінің туыстары. Өйткені, олар Ақжолдың ерекше талғамына, табиғи дарынына сенеді. Ол шашбау, білезік, жүзік, алқа секілді дәстүрлі зергерлік бұйымдарды жаңа стильдегі дизайнмен жасайды. Шашбаудың бір жиынтығы шамамен 60 мың теңге тұрады, білезік – 20 мың теңге, неке жүзігі – 15 мың теңге. Зергерлік бұйымдарды сатып алушылар – ұлттық нақыштағы әшекейлерді жоғары бағалайтын адамдар. Бүгінде Ақжолдың қолынан шыққан сәндік бұйымдарды көбіне адамдар қалыңдық жасауына, жас жұбайларға сыйлыққа, аналарының мерейтойына, әріптестері мен серіктестеріне құрмет белгісі ретінде сатып алады.

Зергердің айтуынша, осындай кәсіп ашуының негізгі мақсаты – өскелең ұрпақты рухани-адамгершілік тұрғыда тәрбиелеу, ұлы дала нышандарын қайта жаңғырту. Тәрбие де-

мекші, қазақ халқы кез келген дүниенің алдымен мән-мағынасына терең үңіледі.

«Қазіргі кезде оқушы қыздар бантик тағып жүреді ғой. Сол бантиктің орнына өзіміздің күмісті шашбау тақса, қандай жарасымды болар еді. Бұрынырақта әжесіміз бойжетіп келе жатқан қыздың шашына шашбау таққан ғой. Тал шыбықтай бұралып өсіп келе жатқан қыздың жүрісі аққудай, мінезі мамықтай, әдепті әрі байыпты болуына шашбаудың тигізер пайдасы көп. Біздің шашбауларымыз өте ыңғайлы, сүйкімді, заманға сай етіп жасалған. Ертеде күміс білезіктер әйел адамдар асүйде жұмыс істеген кезінде тазалық сақтауға көмектесетін маңызды құрал ретінде қолданылған. Әшекейлерге салынған әрбір сурет пен өрнектің өзіндік мағынасы бар, олар адамды көз тиюден сақтайды. Күміс алтыннан да бағалы, пайдалы металл деп саналған. Егер күміс қарайып кетсе, сол әшекейді тағып жүрген адамның денсаулығы сыр берді деген сөз. Сондай-ақ, ислам дінінде де күмістің пайдасы мен ерекшелігі туралы айтылады. Сондықтан мен көпшіліктің назарын осыған аударғым келеді, әшекей аларда күмісті таңдаса екен деген тілегім бар», – дейді Ақжол Ахметова.

Әшекей бұйымдардың дизайнын Ақжолдың өзі ойлап табады. Сондай-ақ, ол зергерлермен өз идеяларын ортаға салып талқылап, жақсы дүниелер шығаруға барын салып жүр. Сүйікті жар, білікті кәсіпкер, 5 баланың анасы Ақжолдың отбасылық кәсібіне табыс тілейміз. Қастерлі өнердің өрісі кеңейе берсін!



ИСЛАМ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

МЕЙІРІМ МЕН ІЗГІЛІК АЙЫ

Адамзатты рухани тазаруға және жан-жақты кемелденуге бастайды

(Басы өткен сандарда)

- Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы биылғы жылды «Ислам және ізгі қоғам» жылы деп жариялады.
- Рамазан – жақсылықтар мен салиқалы амалдар сауабы еселеніп жазылатын ай.
- Бұл айда төзімділік, жанашырлық, имандылық сияқты құндылықтар кеңінен дәріптеледі.

Жақсылықтар еселенетін қасиетті айда «Алматы ақшамында» ораза ұстаған жамағатқа бағыт-бағдар болатын «Muftuat» баспасынан шыққан «Оразаға қатысты 200 сұрақ» атты кітапшадан тағылымды үзінділер берілетінін хабарлаған едік. Бүгін оқырмандар назарына кезекті бүгін «сұрақ-жауаптан» тұратын топтаманы ұсынамыз. Ораза қабыл болсын, ұстаған жан!

■ Биыл бірінші рет ораза ұстап жатырмын. Бірнеше күн сәресі уақыты күн шыққанға дейін жалғасады деген оймен тамактанып жүрдім. Кейін оның дұрыс еместігін білдім. Бұндай жағдайда алғашқы ораза ұстаған күндерім не болады?

■ Жалпы шариғат бойынша оразаның басты шартының бірі – уақыт. Яғни ауыз бекіту және ауыз ашу уақыты. Ауыз бекіту таң намазы уақытының кіруімен басталып, күннің батуымен аяқталады. Сондықтан сіздің жағдайыңызда сәресі уақытын дұрыс білмегендіктен сол күндердің қазасын өтеуге тура келеді.

■ Таң намазынан соң күн шыққанға дейін ішіп-жеуге бола ма?

■ Таң намазы кірген соң ішіп-жеуге болмайды. Құранда «Бақара» сүресінің 187-аятында: «Таңның ақ сәрібін Сәресіге қатысты 16 түннің қара жәбінен ажыратқанға дейін жеп-ішіндер. Содан кейін күн ұясына батып, ымырт түскенге дейін оразаны толық ұстаңдар», – делінген. Шариғат бойынша түн күннің батуымен басталады.

■ Құрмамен ауыз ашудың сыры неде және одан басқа немен ашуға болады?

■ Адам ағзасына қажетті он элемент құрмада бар. Күн бойына жоғалтқан дәрумендер құрма арқылы қалпына келеді. Құрмамен қатар, қара су, мейіз, кепкен өрік, бал сияқты нәрлі және от тимеген тағам түрімен ауыз ашуға болады.

■ Қандай жағдайда оразаның қазасы ғана өтелуі тиіс?

■ Төмендегі жағдайларда оразаның тек қазасын өтеу міндеттеледі. Олар: 1. Ораза екенін білетін адам дәрет алып жатқанда немесе басқа себептермен тамағынан байқаусызда судың кіріп кетуі; 2. Ұйқыдағы адамға су ішкізу; 3. Ауыр жұмыста жүріп науқастанып қалу жағдайында немесе сенімді мұсылман дәрігердің сөзіне сүйеніп яки өз басынан өткізген тәжірибесіне сүйене отырып, «денсаулығыма зиян тиеді» деп оразасын бұзу; 4. Ұмытып бір нәрсе ішіп-жеген кезде «оразам бұзылды» деген оймен ішіп-жеуді жалғастыру; 5. Түнде ниет ете алмай күндіз ниеттенген адамның бұған көңілі толмай ішіп-жеуі; 6. Түнде оразаға ниет етіп, бірақ таңертең сапарға шығып, жолда оразасын бұзатын болса.

■ Қандай жағдайлар қаза, әрі кәффаратты қажет етеді?

■ Ораза кезінде әдейі ішіп-жеу және жұбайымен жақындасу оразаның қазасын әрі кәффаратын өтеуді міндеттейді.

■ Байқаусызда тас жұтып қойса ораза бұзыла ма?

■ Байқаусызда тас (тағы сол сияқты зат) жұтып қойса, ораза бұзылады. Оған бір күн қазасын өтеу қажет. Әдейі жұтса да бір күн қазасын өтеу керек. Себебі, тас сияқты заттар азық болып табылмайды. Сонымен бірге, әдейі бұзғаны үшін күнәға қалады.

■ Оразаны әдейі бұзған жағдайда кәффарат қалай өтеледі?

■ Кәффарат рамазан айындағы оразаны еш себепсіз, әдейі бұзған адамға бекітілген. Басқа айдағы оразасын бұзғанға кәффарат қажет етілмейді. Демек, рамазан оразасын әдейі бұзған жағдайда жаза ретінде 60 күн арасын үзбей ораза ұстау міндет. Бұған қоса, әдейі бұзған күннің қазасын да өтейді. Егер ораза ұстауға денсаулығы жарамаса, 60 кедейдің қарнын тойдыру арқылы кәффарат өтейді. Рамазан оразасы – парыз амал. Ал басталған парыз амалды бұзу – үлкен күнә. Сондықтан мұндай күнәдан барынша сақтану керек. Рамазан оразасынан басқа оразаны бұзса, күніне күн тұтып қазасын өтейді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Жалғасы бар).



«АШЫҚ ЕСІК» КҮНІ

БАСТАМА БАЯНДЫ БОЛҒАЙ!



Алматы Мемлекеттік бизнес колледжінің базасында «Алматы қаласының ТЖКБ онкүндігі» аясында «Ашық есік» күні өтті. Бұл күні қала мектептерінің 9-сынып оқушылары білім ордасының оқу корпусын аралады.

Кітапханада болды. Өндірістік тәжірибе аландарында болып, кондитер, аспазшы сынды мамандықтардың қыр-сырына қанықты. Өндіріс шеберлері қазіргі таңдағы сұранысқа ие мамандықтармен таныстырды. Оқу орнын тәмамдаған түлектер де

арнайы келіп, өздері ашқан бизнестерімен таныстырды. Табысқа жетудің жолы туралы әңгімеледі. Өздері қол жеткізген табыстарын, қысқасы, мамандықтың нағыз маманы болудың жолын көрсетті.

Жастар өз саласының білгір-

лері жүргізген шеберлік сыныбына қатысты. Колледж ауласында «Аспаздық және кондитер» өнімдерінің көрмесі өтті. Оқу орны басшылары «Визуалды мерчендайзинг» құзыреттілігі бойынша витриналар, тулбокстар көрмесі, «Фортуна» платформасында экономикалық іскерлік ойын ұйымдастырды.

– Өткізіп отырған іс-шараға қарап жастарымыз бір мамандықты игеріп шығады. Осы күннің өзінде бірнеше оқушы болашақ мамандығын таңдап үлгерді, – дейді Алматы Мемлекеттік бизнес колледжінің басшысы Ғалым Сманов.

Қалалық жұмысшы мамандығы фестивалі аясында Алматы мемлекеттік бизнес колледжі мен Алматы мемлекеттік көлік және коммуникация колледжінің спорт залында қалалық Білім басқармасының ұйымдастыруымен 9-сынып оқушылары мен 1-курс студенттері арасында волейболдан жарыс өтті.

ҚАЛАЛЫҚ ФЕСТИВАЛЬ

Алматыда дәстүрлі «Кәсіптік білім: табысқа жету жолы» атты жұмысшы мамандығы фестивалі басталды. Аталмыш фестивальге қала мектептерінің 12 000 оқушысы мен 700 колледж студенті қатысып жатыр. Бұл күні жастар түрлі байқауларға қатысып, мамандықтың қыр-сырына бойлайтын болады. Фестиваль соңында іс-шараның негізгі түпқазығы болып табылатын «WorldSkills Almaty 2023» VIII өңірлік чемпионаты өтеді.

МӘРТЕБЕЛІ
МАМАНДЫҚҚА ҚҰРМЕТ

Аталмыш фестиваль – Алматы қаласының техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің позицияларынан кәсіптік бағдар беріп, жұмысшы және кәсіптік сала мамандығын насихаттауға бағытталып отыр. Өткізілетін іс-шаралар легі 8 сәуірге дейін жалғасады.

Оқушыларды ғылыми-зерттеу қызметіне тарту және ерте кәсіптік бағдар беру мақсатында 9-сынып оқушыларына арналған «Болашақ біз үшін» ғылыми жобалар конкурсы ұйымдастырылады. Онда көлік техникасы, энергетика, құрылыс, сервистік қызмет көрсету және тағы басқа мамандықтар бойынша сынға түседі. Сонымен қатар, 9-сынып оқушылары арасында шағын футбол мен волейболдан қалалық чемпионат жоспарланып отыр. Спорттық іс-шараға барлық аудандардың мектеп оқушылары мен колледждердің 1-курс студенттерінен құралған құрама командалар қатысады.

Фестиваль аясында 9-сынып

оқушылары мен колледждердің 1-курс студенттері арасында «Менің болашақ мамандығым» тақырыбында қалалық КТК өтеді. Осы күні колледждің дарынды түлектері қаланың әр ауданындағы сегіз мектеп базасында 9-сынып оқушыларымен кездеседі. Іс-шара оқушылардың колледжде оқуға деген қызығушылығын арттыруға, түлектердің өз бизнесін ашып, оған жетуге деген ұмтылысын көрсетуге арналған. Сонымен қатар, колледж қызметкерлері, мектеп директорлары мен колледж басшылары арасында «Білім сабақтастығы» тақырыбындағы «Дөңгелек үстел» жұмысы да жоспарда тұр. Ал «Академиялық дербестік» тақырыбы бойынша директорлар мен жұмыс берушілер арасындағы екінші кездесу 6 сәуірге жоспарланды. Фестиваль соңында 5–7 сәуір аралығында жыл сайынғы «WorldSkills International» құзыреттілігі бойынша «WorldSkills Almaty 2023» өңірлік кәсіби шеберлік чемпионаты өтеді.

ТАҒЫМ

Быттыр. Сәрсенбі. 16 қараша. Әдеттегі күн. Асқар кішкентай балапандарының бетінен сүйіп, жарына жылы сөздерін айтып, «кешке көріскенше» деп, қаннен-қаперсіз үйінен шықты. Жұмысына бет алды.

АЗАМАТ

Асқар өзгелерден ерекшеленіп тұратын. Жұмысына аса тиянақты. Адамгершілік қасиеті биік. Сабырлы, төзімді. Үлкен-кішіге бірдей құрметпен қарайтын. Бұл бүгінгі кей адамдардың бойындағы ең тапшы қасиеттер.

Әдеттегідей дабыл қағылып, Астана қаласы, Бауыржан Момышұлы даңғылы бойындағы 14-ші үйдегі бір пәтердің отқа оранғаны туралы хабарлама келіп түсті. Құрамында Асқар да бар өрт сөндіруші бригада бірден жолға шықты.

Асқар ойланып жатпастан, отқа оранған пәтердің терезесіне қойып кетті. Ішінде қалған адамдарды аман алып шығу бар ойы. Шынымен де, басын бәйгеге тігіп, өзін емес, өзгенің өмірін ойлаған жүректі жігіт үш адамды аман алып шықты. Бірақ денесінің 80%-ын күйік шалды. Жүрегі кең азамат-ай, есін жимастан о дүниеге кете барды. Етегі жасқа толған жас келіншегі, ботадай мөлдіреп балапандары қалды артында.

Асқардың қазасы тұтас елдің қабырғасын қайыстырып кетті. Иә, еліміз қара жамылды. Рас, бүгінгі бейбіт күннің батыры – Асқардың отбасына Президент тарапынан көмек көрсетіліп, орденмен марапатталып, елорда төрінен көшеге есімі берілгенімен, оның бәрі отбасы үшін Асқардың орнын баса алмасы анық.

Қызметтік борышын өтеу кезінде көз жұмған Асқар Забикулин туралы ылғи ойымда жүреді. Бүгінгідей көңіл де, достық та сағулы заманда осындай елді, халықты өлшеусіз сүйетін азаматтар көп болса екен деп тілеймін іштей.

Махаббат ӘЛІМБЕК,
«Қайнар» академиясының
4-курс студенті.

ҰЛТ САУЛЫҒЫ

ДӘРІГЕРЛЕР КӨПТІК
ЕТПЕЙДІ

Мемлекет басшысы халыққа арнаған Жолдауында алдағы үш жылда резидентураға бөлінетін грант санының 70 пайызға көбейетінін, сонымен қатар, медициналық жоғары оқу орындарының жанынан көпбейінді ауруханалар мен клиникалар ашылып, бұл ұлт денсаулығын сөз жүзінде емес, іс жүзінде жақсартуға септігін тигізетінін айтқан еді.

Қазір елімізде телемедицина ны дамытуға кеңінен көңіл бөлініп жатыр. Осы қадам арқылы шалғайда тұратын халыққа сапалы медициналық қызмет көрсетілмекші. Бұл орайда денсаулық саласы бәсекеге қабілетті болу үшін дәрігерлер дайындау жүйесін жетілдіру керек. Қазіргі мәлімет бойынша, Қазақстанда 5 мыңнан астам жоғары білікті медицина маманы жетіспейтін көрінеді. Оның ішінде анестезиолог, реаниматолог, инфекцио-

нист, эпидемиолог, жалпы тәжірибе дәрігерлерінің тапшылығы айқын байқалады. Жалпы, медициналық оқу орындарына грант білім берудің бірінші сатысы – «бакалавриат» үшін ғана бөлінеді. Алайда, түлектің толыққанды медициналық маман болып шығуы үшін интернатура қажет. Сонымен қатар, жалпы медицина мамандығы бойынша берілген бакалавр дәрежесімен дәрігер болып жұмыс істеу мүмкін емес.

БАЙҚАУ

ШЕБЕРЛІГІН ШЫҢДАП ҚАЙТТЫ

Алматылық ерекше қажеттілігі бар студент флористика құзыреттілігі бойынша халықаралық конкурста қатысып қайтты. Әлемнің әдемілікке жаны ізгі жандары жыл сайын көктемде өтетін «Abilumpics» халықаралық шеберлік байқауына қатысты.

Әлемнің 27 мемлекеті қатысқан бұл байқаудың басты шарты – гүлден түрлі композиция құрастырып, тақырыптың мазмұнын «сөйлету» керек болды. Жалпы, мұндай байқаулар Жапония, Франция, Корея, Малайзия сияқты елдерде жиі өткізіліп тұрады.

Қазақстаннан барған Аделя Қалияқперова Алматы технология және флористика колледжінде оқиды, 2-топтағы мүгедектігі бар. Бұған дейін де Аделя бұл салада шеберлігін танытып,



«Флористика» құзыреттілігі бойынша колледжішілік кәсіби шеберлік конкурстарының жүлдегері атанған еді. Халықаралық байқауға алғаш рет қатысқандықтан, өзінің аздап қобалжығанын да жасырмады.

– Байқау шарты бойынша «Флористикадан» 3 тапсырма

берілді. Алдымен, берілген тапсырма құтыда, яғни вазада көктемгі гүл дестесін (букет) жасау болды. Сосын 2 сағат ішінде қорап ішіндегі түрлі гүлдерден «Гүл әшекейлерін» жасадық. Келесі тапсырма – қонақүйдегі қабылдауға арнап, үлкен композиция жасауымыз керек болды.

Байқау өте қызықты әрі тартысты өтті, – дейді Аделя.

Халықаралық байқаудан Аделя көп нәрсе үйреніп, тәжірибе жинап қайтқанын айтады. Ең бастысы – жеңіс емес, бастысы – додаға қатысу, – дейді.

Бетгі әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.



НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

«БАЛАМ АУЫЗ БЕКІТІ»

Бұл «апам тойға барады, мен де барам» дегенге келмей ме?

Бүгінде мектеп жасындағы, оның ішінде бастауыш сыныптың балалары да ауыз бекітетін болған. Бұл «апам тойға барады, мен де барам» дегенге саймай ма? Жалпы, баланың қанша жастан бастап ораза ұстағаны дұрыс? Бүгін осы туралы тарқататын боламыз.



Нұржамал ӘЛШЕВА

Мұғалімнің «сәлемі»

Бұл тақырыпты қозғауыма ұялы телефоныма, WhatsApp-тағы ата-аналар чатына келіп түскен сынып жетекшіміздің жазбасы себеп болды.

«Сәлеметсіздер ме, ата-аналар? Міне, 4-ші тоқсанды да бастадық. Биылғы оқу жылы 31 мамырға дейін жалғасады. Соңғы қоңырау 1 маусымға қойылған. Ұстаған оразаларыңыз қабыл болсын! Бізде ауыз бекіткен оқушылар бар екен. Бүгін «басымыз ауырды» деп отырды екі-үш бала. Сабақ күнде сағат 14.00-де басталады, жеті сабақ болатын күндері сағат 19.50-де шығатынын ұмытпаңыздар. Қыстыгүні күн суықта соңғы сабақтан босатып жүрдік балаларды, сондықтан бүгінде кейбір сабақтың бағдарламаларынан көп қалып қойдық. Сондықтан «Ораза еді» деп сұранғандарды жібере алмаймыз. Балалардың асқазаны, басы ауырмасын, қадағалаңыздар. Жұма күні «мешіттен келдік» деп бірінші немесе екінші сабаққа кешігіп келетін ұлдар бар, рұқсат жоқ оған! Сабақтан себепсіз қалдырмаңыздар, соңғы тоқсан, оқу бағдарламасын игере алмай қалады. Оқулық, дәптерлерінің



болуын қадағалап отырыңыздар. Баланың тазалығына мән беріңіздер! Медбике тексеріп шықты бүкіл сыныпты, тырнақ, шашы өскен кейбір балалардың. Күн жылынды, міндетті түрде ақ жейде, сыртынан костюм, жылы жемпір кисін, кешкілік күн салқындау, – деп жазыпты 7-сынып жетекшісі Жазира апайымыз. Көп ата-ана «жарайды, апай» деп үн қатты.

Балиғат жасы

Жалпы, исламда балиғат жасына толған балаға ораза ұстауға рұқсат етілген. Яғни қыз бала 9 жастан бастап, ал ер бала 12 жасынан ауыз бекітуіне болады. Ал осы көрсетілген жасқа жетпеген балалар ораза ұстауға ниеттенсе, олардың ағзасын үйрету үшін ауызды ертерек ашуға, жарты күн бекітуге немесе бір күн ораза ұстатып, бір күн демалдырып, оразаға үйрету мақсатында жеңілдіктер жасауға болады дейді дін өкілдері. Мұның бәрі баланың балиғат жасына толғанға дейінгі дайындығы болып есептеледі екен. Рас, қазір кейбір таныстарым мектеп асханасының бұрынғыдай емес, босап тұратынын айтып қалып жүр. Әрине, бұған қарап кішкентай балалар да тегіс ауыз

бекітіп кеткен шығар деуге келмес, жоғары сынып оқушыларының арасында ораза ұстайтындар көбейген бүгінде. Оған бек қуаныштымыз, әрине. Ақыл тоқтатып, ересек өмірге ұмтылған жасөспірімдердің жүрегіне иман ұялап, мұсылмандықтың қадір-қасиетіне бойлағысы келіп жатса, неге қуанбасақ!

Қазір әзір мәзір...

Бірақ бұл жердегі айтпағымыз – әлі де оң-солын танымаған, еліккіш, еліктегіш кішкентай балаларға ораза ұстап, неше түрлі дәмді тағамдарға қызығу, одан қалды үлкендерге еріп ауызашарға бару олар үшін сән болып кеткен жоқ па? «Ораза ұстады менің балам» деп ата-ана да мәз болып жатады кейде. Бірақ баланың аты – бала, сәресіне тұра алмай ұйықтап қалатыны немесе үлкендерден жасырып тамақ ішіп-жеп қоятындары да жоқ емес. Шыдай алмай кетіп, аузын ашып жіберген өрендер туралы да білеміз. Демек, психологиялық тұрғыдан да, физикалық тұрғыдан да әлі толық жетіліп болмаған жас балақай ораза ұстауға дайын емес. Оның үстіне, «жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер шағында», яғни қыстан енді шығып, кіші тұрмақ, үлкеннің организмінде де дәрумен жетіспеушілігі күшейетін бүгінгідей көктемгі мезгілде ораза тұту жас балаға ауыр емес пе екен? Біз ғой, ет жеп, сорпа ішіп, сүйек мүжіп, құрт, май жеп өскен ұрпақпыз. Ал «қазір әзір мәзір», яғни фаст-фуд жеп, түрлі зиянды сусындар ішіп өсіп келе жатқан бүгінгі баланың ағзасы, асқазаны күшті дей алмаспыз. Сондықтан егер баланың ораза ұстауға ниеті болса, онда ата-анасы алдымен дәрігер-маманмен кеңесіп, баласының денсаулығы оразаға қаншалықты жарайтынын тексерткен жөн шығар деп ойлаймыз. Бала – болашақ.



КҮЙЗЕЛІС КҮЙРЕТКЕНДЕР

немесе «Алладан келген тапсырманы жеткізушімін» дейтін науқастар көбейді

Көктемде көптеген ауру, оның ішінде психикалық дертке шалдыққандардың кеселі өршуі мүмкін. Кейбір аурулар арасында «Мен Алладан келген тапсырманы жеткізушімін», «ғаламшардан дауыс келіп тұр құлағыма, жақсылықты жерге таратушымын» дейтіндер аз емес дейді мамандар.

Әлемнің әрбір үшінші тұрғынын күйзеліс күйретіп, ауруы асқынып, оны тіпті еңбекке жарамсыз етіп тастау қаупі туындайды. Күйзеліске ерлерге қарағанда әйелдер жиі шалдығады екен. Дүние-жүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, 280 млн адам осы ауруға шалдыққан. Науқасты ұйқысыздық мазалап, сарыуайымға салынып, шарасыздықтан торығып, түңілуден шаршағанда өз-өзіне қол жұмсауы мүмкін. Дүние жүзінде жыл сайын 700 мың адам суицид жасайды. Алматыдағы психикалық денсаулық орталығында түрлі психикалық және наркологиялық кеселге шалдыққан 11 мың тұрғын тіркеуде тұр.

Ондағы емделушілер уайымнан дегбірі қашып, ұйқысынан айырылғанда тамақ жеуден бас тартатын көрінеді. Нәтижесінде тез жүдейді. Сосын науқастың ағзасы әлсіреп, анорексия, одан әрі кахексия сияқты созылмалы қауіпті кеселдерге ұласады. Мамандар күйзелістің түрі көптігін де жасырмайды. Солардың бірі күйзелістен жабырқап, өмірден түңілгенде арақ ішіп, есірткіге әуес болып, есті уайытын заттарға үйір болады. Олар өзінің жанын жегідей мазалаған сырқаттан осылай құтыламын деп үміттенеді. Сондай-ақ, үнемі күліп жүрген адамдар да күйзеліске ұшырайды екен. Олар өзінің жан-дүниесін алай-дүлей еткен мазасыз күйді жасыру үшін жымысып жүретін болып шықты. Сырқаттан емделудің жалғыз жолы, әрине, кәсіби мамандардың көмегіне жүгіну.

Бұрынғы емделушілер арасында түрлі дауыстар естіп, Сталиннің рухымен тілдесіп немесе өзін қайта тірілген Гитлерге теңейтін болса, қазіргі уақытта олардың арасында өзін емшіге, көріпкелге теңейтіндер, Алланың айтқанын жеткізушімін дейтіндер аз емес. Күйзеліс асқынған кезде адам ұзақ уақыт бойы ұйқысынан айырылады. Мидың тынымсыз қызмет етуі салдарынан ол түрлі дауыстарды естиді. Кейбіреулер өзін басқа әлемде жүргендей елестетеді. Олар шынайы өмірден жырақтап кетеді. Адамның мінез-құлқы да, сөйлеген сөзі де өзгереді. Мұндай ауытқушылық байқалған кезде, ұйқысыздық мазалағанда біздің орталыққа келіңіздер. Кәсіби мамандар психологиялық көмек көрсетеді, – дейді Алматы қаласы психикалық денсаулық орталығының бас директоры Сапар Рахменшеев.

Нұр ЖАМАЛ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ҒИБРАТТЫ ӘНГІМЕЛЕР АЙТЫП БЕРЕЙІК

Аянбек РАНҰЛЫ, найб-имам:



– Әрине, бала да ораза ұстауға риясыз ниетімен келгені дұрыс. Біріншіден, баланың оразаға деген ықыласын жастайынан оятқан жөн. Сіздің ораза ұстап жүргеніңізді көріп жүрген баланың сізбен бірге ораза ұстауға деген ынтасы болары сөзсіз. Сосын Рамазан айы келмес бұрын оның қандай ай екенін, мұсылмандар неге ораза

ұстайтынын түсіндіріп беріңіз. Рамазан айының әр кешінде оларға пайғамбарлар тарихын, ғибратты әңгімелер, хикметтер айтып беруді әдетке айналдырған жөн. Баламен денсаулықты қазірден күту туралы әңгімеден құрып, бұл ретте оразаның пайдасы үлкен екенін айтуымыз керек. Кішкентай баланы, мәселен, таң мен түстің арасында ораза ұстатып үйрету керек. Бала таңғы шәйін ішіп алады ғой, сосын оған «түскі асқа дейін ештеңе ішпей, жемей, шыдамдылық танытар болсаң, мен саған жақсы көретін тәтті кәмпиттіңді алып беремін» немесе «тамаша сыйлығым бар» деп қуантып қою қажет. Сонда бала бір жағынан сыйлық алуға асығады, екінші жағынан сабырлы болуға, төзімділікке, шыдамдылыққа үйрене бастайды. Одан балаға еш зиян келмейді. Өзін судан, тамақтан тыя алатын болады. Сол арқылы асқазанын үйретеді. Мәлік имамның бір оқиғасы бар. Әкесі ұлына бір күнде бір хадис жаттаса, кәмпит алып беретін болған немесе сый-сияпат беріп отырған. Күндер өте келе ұлы «енді екі сыйлық алайыншы» деп құлшынып, бір күнде екі хадистен жаттайтын дәрежеге жеткен.

Сөйтіп, ары қарай хадисті жаттау күнделікті дағдысына, сүйіспеншілікпен атқаратын ісіне айналып, сосын сыйлық та, тәтті де күтпей-ақ опонай жаттап алатын болған.

МЕКТЕП ОҚУШЫСЫНЫҢ ОРАЗА ҰСТАУЫНА ЕРТЕЛЕУ

Жанат ҮМБЕТОВА, ұстаз:



болып түсіндіріп, ораза тек ішіп-жеуге ғана емес, сондай-ақ, жаман сөздер айтпауға, бір-бірімізге мейіріммен, ізгі ниетпен қарауға, жаманнан жиреніп, жақсылық атаулыға ұмтылып жүруге ниеттендіретінін айтып отырсақ, нұр үстіне нұр болады деп ойлаймын.

АДАМНЫҢ ҚОС ҚАНАТЫ – ДІН МЕН ДӘСТҮР

Меруерт СҮЛЕЙМЕНОВА, ата-ана:



мектепте. Сабағымен қатар музыкасы бар. Музыкалық аспапта ойнайды. Ал музыкалық аспапта ойнайтын оқушы дұрыс, уақытылы тамақтануы керек. Қызыма ақылмды айттым, түсінді.

– Менің сыныбым – «бесіншілер». Олар әлі кішкентай болғасын, ораза ұстағандары жоқ. Жалпы, бұл тақырыпта біздің мектепте психологтар оқушылармен әңгіме жүргізеді. Ал өзім мектеп оқушысының ораза ұстауына ертелеу деп ойлаймын. Біріншіден, ол ораза ұстаудың барлық шартына дайын емес, яғни толық білмейді. Екіншіден, ұйқысы қанбаған, күні бойы аузы берік бала сабақ барысында шаршап-шалдығып, сабаққа селқостық танытуы мүмкін. Ал баланың толыққанды білім алуы маңызды.

Мемлекетті құратын, жасайтын, дамытатын – оқыған, көзі ашық ұрпақ. Жас буынды имандылыққа баулудың жолы тек ораза тұту емес екенін біз болып, ата-ана болып түсіндіріп, ораза тек ішіп-жеуге ғана емес, сондай-ақ, жаман сөздер айтпауға, бір-бірімізге мейіріммен, ізгі ниетпен қарауға, жаманнан жиреніп, жақсылық атаулыға ұмтылып жүруге ниеттендіретінін айтып отырсақ, нұр үстіне нұр болады деп ойлаймын.



БОКС

СҰЛТАН ЗӘУІРБЕК – үздіктер қатарында

Дүниежүзілік бокс қауымдастығы (WBA) барлық дәрежедегі жекпе-жек рейтингісінің жаңартылған нұсқасын жариялады. Рейтингте қазақстандық боксшы Сұлтан Ұздік 10 боксшының қатарына енді.



Аса ауыр салмақта Иван Дычко 15-ші орнын сақтап қалды. Рейтингтің бірінші нөмірі – америкалық Деонтей Уайлдер, екіншісі – конголық Мартин Баколе, ал британдық Энтони Джошуа үздік үштікті түйіндейді. Бұл салмақта WBA Super нұсқасы бойынша әлем чемпионы –

Украина өкілі Александр Усик. Бірінші ауыр дивизионда Серік Мұсаділов те 15-ші болып қалды. WBA нұсқасы бойынша «Супер чемпион» – француз Арсен Гуламирян. Ұздік үштікке кубалық Юниэль Дортикос, британдық Крис Биллам-Смит және ресейлік Алексей Егоров енді.

Бек Нұрмағанбет супер орта салмақтағы рейтингте бұрынғыша сегізінші орында тұр. Бірінші орын америкалық Деметриус Андрадеге тиесілі болса, екінші орында канадалық боксшы Эрик Базинян мен француз Кристиан Мбилли тұр. Мексикалық Сауль «Канело» Альварес WBA Super титулын иеленді. Орта санатта Геннадий Головкин енді әлем чемпионы болып саналмайды – GGG өткен айда титулдан ресми түрде бас тартты. Дивизионның жалғыз чемпионы – кубалық Эрисланди Лара болса, үздік үштікке австралиялық Майкл Зерафа, аргентиналық Серхио Мартинес және америкалық Остин Уильямс кіреді. Екінші жеңіл салмақта Сұлтан Зәуірбек Ұлыбританияда аргентиналық Факундо Арсені мерзімінен бұрын жеңгеннен кейін 12-ші орыннан оныншы орынға көтерілді. Бұрынғы 13-ші орында тұрған Бекман Сойлыбаев рейтингтен шығып қалды. Бұл салмақтағы «тұрақты» чемпион – Доминикан Республикасынан келген Эктор Луис Гарсия. Дәрежелер кестесінің бірінші нөмірі – америкалық Ламонт Роуч кіші, одан кейін Грузия өкілі Отар Эраносян және мексикалық Лео Санта Круз орналасқан.

Евгений Павлов екінші жеңіл санат рейтингінде алтыншы орында қалды. Рейтингтің бірінші позициясы Томото Камедага (Жапония), екінші – Кевин Гонсалеске (Мексика), үшінші – Шабаз Масудқа (Ұлыбритания) тиесілі WBA Super чемпионы атағын өзбекстандық Муроджон Ахмадалиев иеленді.

ДОПТЫ ХОККЕЙ

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ: Ел құрамасы төртінші орын алды

Швецияның Оби қаласында өтіп жатқан әлем чемпионатының топтық кезеңінде 4-орынға тұрақтаған қазақстандық құрама Норвегиямен қола жүлде үшін таласуға мүмкіндік алды. Нәтижесінде олар қазақстандық әріптестерінен 5:1 есебімен басым түсіп, қола медальға қол созды.

Қазақстан құрамасы топтық кезеңде Финляндияға 1:8, Норвегияға 1:6, Швецияға 0:12 есебімен жол берсе, АҚШ құрамасын 7:2 есебімен жеңді. Енді финалда Швеция мен Финляндия бақ сынасады.

Биылғы әлем чемпионатында ел құрамасы сапында қақпашылар – Бержан Ахметжанов пен Вячеслав Горчаков ойын көрсетті. Сондай-ақ, ойын шебінде Рауан Исалиев (капитан), Еламан Әліпқалиев, Ершат Амангелдиев, Нұрбол Бөкешов, Ескендір Нұғманов, Петр Грибанов, Денис Максименко, Болат Мұхит, Дәурен Оралов, Антон Свешников, Никита Яров, Самат Аманшин, Қуаныш Теміралин, Сұлтан Қадыржанов, Евгений Медведев, Максим Утибалиев мұз айдында шықты.

Қазақстандық хоккейшілер биыл 21-рет әлем чемпионатына қатысты. Айта кетсек, 2003, 2005, 2012, 2013, 2014, 2015 жылдары үшінші орын алды.

ТЕННИС

АҚШ-тың Майами қаласында ұйымдастырылған WTA 1000 турнирі аяқталды. Екі аптаның ішінде ең маңызды екі жарыстың финалдық кезеңінде бақ сынаған Қазақстанның бірінші, әлемнің жетінші ракеткасы Елена Рыбакина, өкінішке қарай, Майамидегі додада жеңіс тұғырына көтеріле алмады. Бас жүлде үшін өткен бәсекеде жерлесіміз «Үлкен дулыға» турнирі – Уимблдонның екі дүркін жеңімпазы (2011, 2014) чехиялық Петра Квитовамен шеберлік байқасып, екі сетке жалғасқан матчта қарсыласына жол берді.



ЕЛЕНА 9-ФИНАЛДА ЖЕҢІЛДІ

Қазақстанның бірінші, әлемнің 7-ракеткасы Елена Рыбакина Майами WTA 1000 турнирі барысында 70-ке жуық эйс жасап, теннис тарихында рекорд орнатты. Аталмыш мастерс жарысы барысында қазақстандық теннисші 6 кездесу өткізді.

Е.Рыбакина ресейлік Анна Калинскаямен ойында 14, испаниялық Паула Бадосамен

бәсекеде 12, бельгиялық Элиза Мертенспен және италиялық Мартина Тревисанмен жекпе-жекте 10-10-нан, америкалық Джессика Пегуламен матчта 11 және Петра Квитовамен финалда 12, барлығы 69 эйске қол жеткізді. Бұған дейін мастерс додасында мұндай нәтижеге ешкім жеткен емес. Турнирде екінші орынға ие болған Елена 662,3 мың

АҚШ доллары (301,2 миллион теңге) көлемінде сыйақыға ие болды. Ал WTA 1000 санатындағы оныншы турнирінде үздік шыққан Квитова 1,26 миллион доллармен (574,08 миллион теңге) бірге 1 000 рейтингтік ұпайға ие болды. Осы нәтижесінің арқасында ол бүгіннен бастап ТОП-10 теннисшінің қатарына қосылса, Рыбакина әлемдік рейтингтегі 7-орнын сақтап қалды.

ӘЛЕМДІК РЕЙТИНГ

Қазақстан теннис федерациясының баспасөз қызметінен мәлім еткендей, Майами мастерс турнирінің финалына дейін жеткен Елена Рыбакина 7-орнында қалды.

Юлия Путинцева 47-інші, Жібек Құламбаева – 441, Гөзал Айнитдинова 450-сатыда келеді. Жұптық сында Анна Данилина 27-орнын сақтады.

Ерлер арасында Қазақстанның бірінші ракеткасы Александр Бублик 48-ден 56-ға сырғыса, Тимофей Скатов 155-тен 144-ке



көтерілді. Денис Евсеев 302-орынға жайғасты. Бейбіт Жұқаев 343-тен бірден 315-ке жоғарылады.

Жұптық сында Андрей Голубев 68-інші, Александр Недовесов 70-сатыда тұр. Юлия Путинцеваның Чарльстон турниріндегі қарсыласы анықталды. Теннисші Жібек Құламбаева Түркиядағы турнирдің абсолютті чемпионы атанды.

Бетгі әзірлеген
Гүлжанат СЕМБАЕВА.

ОТАНДЫҚ СПОРТШЫЛАРДЫҢ ОРНЫ БЕЛГІЛІ БОЛДЫ



ҚАУЛЫ

Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 31 наурыздағы №1/217 қаулысы

Алматы қаласының Әділет департаментінде
2023 жылдың 31 наурызында №1722 тіркелген

Алматы қаласы әкімдігінің «Алматы қаласының мектепке дейінгі ұйымдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы» 2022 жылғы 20 шілдедегі №3/342 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің «Алматы қаласының мектепке дейінгі ұйымдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы» 2022 жылғы 20 шілдедегі №3/342 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №28868 болып тіркелген) келесі өзгерістер енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ.

*Алматы қаласы әкімдігінің
2023 жылғы 31 наурыздағы
№1/217 қаулысымен бекітілді**Алматы қаласының әкімдігінің
2022 жылғы 20 шілдедегі
№3/342 қаулысына қосымша*

Алматы қаласының мектепке дейінгі ұйымдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

р/с	Мектепке дейінгі ұйымның түрі	Тәрбиелену-шілер саны	Айына бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге)	Айына бір балаға ата-ана төлемақысының мөлшері (теңге)
1	Бөбекжай-балабақша (мемлекеттік)	36 750	45 603	25 000
2	Бөбекжай-балабақша (жеке меншік)	37 883	45 603	25 000
3	Бөбекжай-балабақша (мемлекеттік бөбекжай-балабақшалардың жанындағы арнайы топтар)	224	81 278	-
4	Бөбекжай-балабақша (мемлекеттік бөбекжай-балабақшалардың жанындағы мектепалды топтар)	210	19 909	

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

**«Almaty aqshamy» газетіне
2023 жылға жазылу жүріп жатыр!**

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

**БІЗ газетімізді асыға күтетін
оқырмандарымызбен және тұрақты
авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!**

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!**«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ
2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:**

65503 (жеке жазылушылар үшін)
1 айға – 600,50 теңге, 3 айға – 1801,50 теңге,
6 айға – 3603,00 теңге, 8 айға – 4804,00 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)
1 айға – 1620,50 теңге, 3 айға – 4861,50 теңге,
6 айға – 9723,00 теңге, 8 айға – 12964,00 теңге

**95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен
ҰОС ардагерлері үшін)**
1 айға – 440,50 теңге, 3 айға – 1321,50 теңге,
6 айға – 2643,00 теңге, 8 айға – 3524,00 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!

Ең тиімді жол – вакциналау

Қалада қызылша жұқтырудың 91 күдікті жағдайы тіркелген

Оның 73-і зертханалық тексерістен соң расталып отыр. Бұл ақпаратты Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингінде Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының өкілдері мен қала эпидемиологтары айтты.

Қызылша – ауа-тамшылы инфекциялар тобына жататын жұқпалы вирус-тық ауру. Ауру адамнан адамға ауа арқылы, тыныс алу жолдарынан бөлінетін тамшылармен немесе жұқтырған адамдардың мұрнынан немесе тамағынан бөлінетін заттармен тікелей байланыста болудан жұғады.

«Қызылшаның зертханалық расталған 73 жағдайының 56-сы (76,7%) дер кезінде қызылшаға қарсы егілмеген, оның ішінде 25 (50,0%) ата-анасының екпеден бас тартуына байланысты, 16 (28,6%) медициналық қарсы көрсетілімдерге байланысты, 7 адам (12,5%) – вакцинация жасына жетпеуіне байланысты және 6 (9,6%) ересек адам – белгісіз имундық статусы бар», – деді Алматы қаласы санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Әсел Қалыкова.

Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының мәліметі бойынша, Алматыда вакцинация алмаған 14 884 бала бар, оның ішінде 1–6 жас аралығындағы 6124 бала, 7–17 жас аралығындағы 8760 бала, оның ішінде түрлі себептерге байланысты екпеден бас тартқан 5688 бала бар.

«Ата-аналарды балаларының денсаулығына бей-жай қарамауға шақырымыз келеді. Балалар арасындағы қызылшамен сырқаттанудың төмендеуіне Қазақстан Республикасының Ұлттық екпе күнтізбесіне сәйкес жоспарлы имундау ғана ықпал ететінін атап өткен жөн. Халық арасында имундық емес қабаттың төмендеуі халықтың бұл инфекцияға бейімділігін айтарлықтай төмендетеді», – деп толықтырды Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Назгүл Иманғалиева.

Мамандар қызылша жұқпасы мен аурудың асқинуының алдын алудың бірден-бір тиімді жолы екпе екенін айтады. Мәселен, өткен жылы профилактикалық іс-шаралар кешенінің нәтижесінде Алматы қаласында аурушандық бойынша эпидемиологиялық жағдайды тұрақтандыруға және аурудың тіркелуін бірлі-жарым ғана жағдайға дейін төмендетуге мүмкіндік туды.

Аурудың алғашқы белгілері – жөтел, дене қызуының көтерілуі, көзден жас ағу, жарыққа сезімталдық және бастапқыда бетте, құлақ артында, кейін бүкіл денеде пайда болатын бөртпе.

Есте сақтаған жөн:

– өз бетінше емделуге болмайды, дәрігерді үйге шақырып, емді дәрігердің нұсқаулығымен алу;

– үйде болу, жұмыс орнына, сондай-ақ, қоғамдық орындарға бармау;

– науқас балаларды мектептерге, балаларға арналған мектепке дейінгі мекемелерге жіберуге болмайды.

Қызылшаға қарсы екпе екі рет жүргізіледі: 1 жаста және 6 жаста, бұл вакцинациядан кейінгі имунитетті қалыптастыруға мүмкіндік береді, бұл вакцина алған адамдарда өмір бойы болады.

Вакцинация үшін ДДҰ сертификатталған және Қазақстан Республикасында тіркелген қызылшаға, қызамыққа, паротитке қарсы біріктірілген вакцина қолданылады. Вакцинация тұрғылықты жері бойынша қалалық емханалардың барлық екпе кабинетінде тегін жүргізіледі.

Қазіргі уақытта қалада 6 ересек пен 20 бала ауруханада жатыр, барлығының жағдайының ауырлығы орташа. Жалпы, 27 ақпаннан бүгінге дейін «қызылша» диагнозы 6 ересек пен 67 балада зертханалық түрде расталған. Емделіп шыққан және стационарда емделіп жатқандар арасында аяғы ауыр және босанған әйелдер тіркелген жоқ. Балалар арасында қызылша ауруының төмендеуіне Қазақстан Республикасы Ұлттық екпе күнтізбесіне сәйкес жоспарлы имундау ғана ықпал ететіні айтылды. Вакцинация Т-лимфоциттер мен антиденелерді өндіру арқылы имундық жүйені белсендіруге көмектеседі.

«Ата-аналарды тек қызылшаға ғана емес, қызамық пен паротитке қарсы вакцина алуға шақырамын. Вакцинация 1 жастағы балаларға жасалады. Болашақта тұрақты имунитетті сақтап қалу үшін вакцинация 6 жаста тағы бір қайталанады. Вакцинация тұрғылықты жеріңіз бойынша емханада жасалады. Халық арасында имундық емес қатардың төмендеуі ғана халықтың бұл инфекцияға бейімділігін айтарлықтай төмендетеді», – деп атап өтті Назгүл Иманғалиева.

«Almaty aqshamy» газеті Астана мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* *мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;*

* *бизнесіңіз мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;*

* *әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз*

**«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!**

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!**ЕГЕР:**

*құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

**«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.**



Бас директорының
міндетін уақытша атқарушы –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-012.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және
тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
**Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.**

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 18 663**

**Кезекші редактор –
Нұржамал ӘЛІШЕВА**

Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№KZ80VPY00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортындағы
жолаушыларға қолжетімді.**



ҚОЛӨНЕР

ҰЛТТЫҚ БҰЙЫМДАР – ҰЛТ МАҚТАНЫШЫ

Оюдың қолданылуына мән беру керек

Қазақ қыздары табиғатынан тоқыма, киіз басу, құрақ құрау өнеріне жақын. Бүгінде қыз-келіншектеріміздің көбісі үй жағдайында кішігірім кәсіп ашуда. Тіпті, енді бірі бар білгенін басқалармен бөлісуде. Осы ретте жастайынан іскер атанып, жасаған дүниелері арқылы көпшіліктің көңілінен шығып жүргендердің бірі – Бақыт Түлебаева.

**Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ**

Өнерінің бастауын ауыл жағдайында әжесінен үйренген шебер, бала кезден қол-өнердің түр-түріне қызығушылық танытып, еңбекке ертерек араласа бастаған көрінеді. Бүгінде Бақыттың өзі тәрбиелеп жүрген шәкірттері де жетерлік.

«Әжемнің қолында өскендіктен, бала кезімнен түрлі бұйымдарды тігуді үй-



рендім. Ауылда жүн сабап, жіпті инеден өткізіп, үнемі қасында жүретінмін. Кейіннен құрақ құрауды, ұршық иіруді де үйрендім. Осылайша Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетіне келіп, оны кәсіптік білім беру мамандығы бойынша тәмамдадым. Студенттік кездерде жатақханамызды сәндеп, қыздарға киімдер тігетін едім. Қазіргі күні құрақпен ғана шектеліп қалмай, бисермен, киім тігумен айналысып келемін. Бүгінде «Дарын оқу орталығында» және «Ұлжан» ықшамауданындағы «Бақытты отбасында» аналарға киім тігу үлгілерін, сәндеу, әрлеу жолдарын үйретеміз», – дейді шебер.

Бақытпен әңгіме барысында қазақтың ұлттық бұйымдарының жасалу технологиясымен таныс болдық. Шебердің айтуынша, кез келген істі бастамас бұрын адамда ниет болуы қажет.

«Қазақы бұйымдардың түрі өте көп. Жасалу жолдары да әртүрлі. Мысалы, кілем бізбен, инеден де пісіп тоқылады. Сол сияқты, қармақ бізбен де, маржандап та кілем тоқимыз, түрлі жапсырмаларды да қолданамыз. Ал ою-өрнекпен жұмыс істеу үшін алдымен эскизді құрастырылады. Өрнекті жапсырып, кестелеп тігеміз. Ең бастысы, шынайы көңіл, ниет қажет. Егер бір іске деген құлшынысың артып тұрса, ол істі аяғына дейін жеткізесің», – дейді қол-өнерші.

Сондай-ақ, ол оюдың ерекшелігіне, қолдану аясына тоқтала кетті. Құрақ көрпелерге салынатын ою киімге салынбау керектігін, ашық киімге ою жапсыру ұлттық қорлау екенін атап өтті.

«Ою-өрнектер халқымыздың ежелгі сақ, ғұн дәуірінен бері келе жатқан мәдени құндылықтары ғой. Қазақтың оюлары төрт топтамаға кіреді: геометриялық, ғарыштық, аң стиліндегі, өсімдік тектес. Олардың 300-ден аса атауы бар. Айталық, өсімдік тектес оюлар көбінесе қыз балалардың киімдеріне салынады. Барған жерінде гүлдей жайнап, өсіп-өніп, ұрпақ өрбітсін деген мағынаны білдіреді. Әр ою-өрнектің өзіндік орны бар. Оны қалай болса солай сала беруге болмайды. Құрақ көрпелерге салынатын ою киімге салынбайды. Оюдың мағынасын дұрыс көрсету керек. Мысалы, дөңгелек ай белгісі. Ең көп қолданылатын ою – қошқар мүйіз. Қазақтың киіз үйін алып қарасаңыз, сырмақ, текемет, түскіізден бастап баулар, терме-



лер, шаңыраққа дейін ою-өрнекпен безендірілген. Этика сақталмайтын жағдайлар да кездеседі. Ашық-шашық киімге ою жапсыра салу ұлттық қорлау деп түсіну керек. Сол себепті, оюдың қолданылуына мән беру керек», – дейді Бақыт Түлебаева.

«Ұлттық киімдерді күнделікті киім ретінде неге қолданбасқа?» деген сұрағымызға жауап таптық. Шебердің пікірінше, ұлттық киімге қызығатын жастардың саны артып келеді. Ал үлкендер жағы той-домаларда кигенді жөн көреді. Қолдан тігілген киімдердің қымбаттығы халықтың қалтасына салмақ түсіреді дейді.

«Заман талабына сай ұлттық нақыштағы киімдерді жастарымыз киеді. Қызығушылығы артып келе жатқанын байқаймыз. Алайда, қазақстандық дизайнерлер тіккен киімдер әркімге қолжетімді деп айта алмаймын. Мысалы, маған кейбір қыздар интернеттен көрген киімдерін дәл осылай тігіп беріңізші деп келеді. Бағасын арзандау қылсаңыз дейді. Біздер сапалы материалдардан тігеміз, көп уақытымызды жұмсаймыз десек, дұрыс түсінбейді. Осы кезде сатып алушы мен дизайнердің арасында түсініспеушілік туындайды. Бағаның қымбаттығы бізге де, халыққа да кері әсерін тигізеді. Осылайша халықтың басымы көпшілігі той-томаларға шапана,

құрақ-көрпе сатып алғанды жөн санайды. Алдағы уақытта бұл мәселе өз шешімін тауып, қыздарымыз ұлттық киімде құлпырып жүретініне сенімім мол. Эстетикалық тұрғыдан күнделікті киетін киімдерге оюдың элементтерін енгізсе жеткілікті деп ойлаймын», – дейді Бақыт.

Шебердің пікірінше, Ұлттық бұйымдарымызды ұлықтап, жастардың санасына сіңіру қажет. Осылайша еліне өлшеусіз қызмет атқаратын азаматтардың саны артады дейді.

«Менің ойымша, балаларымызға кішкентай кезінен ұлттық бұйымдардың мәнамызын түсіндіруіміз керек. Шетел мультфильмдерін қарасаңыз, абстракциялық, фантастикалық элементтерді қолданып, өмірде жоқ нәрселерді бар ғып көрсетеді. Баланың қабылдауына жеңіл. Мысалы, самұрық өмірде жоқ болғанымен, қазақ ертегілерінде ерекше күшті символы. Ол жайдан-жай құрастырылған персонаж екені белгілі. Бізге креативті идея керек. Жаңа дүниеге барлығы еліктейтіндей болу керек. «Өрмекші адам», «Супермен», «Бэтман» персонаждары секілді біз де қазақ аңыздарындағы кейіпкерлер арқылы ұлттық болмысты, құндылықтарды бойына сіңіре аламыз», – дейді Бақыт Түлебаева.

ҚАЛАДАҒЫ ҚОҢЫР КЕШТЕР

«БІР КЕМ ДҮНИЕ»

Тарихи тұлғаларды еске алуға арналған кеш өтті

Қазақ әдебиетінде орны ерекше, шоқтығы биік қаламгерлеріміз, Халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері Шерхан Мұртазаның 90 жылдығы мен жазушы Оралхан Бөкейдің 80 жылдығы еліміздің барлық өңірінде кең көлемде аталып өтті. Қаламы қарымды, қазақтың сөз өнерінде өшпес ізі қалған қаламгерлердің есімдерін еске алар іс-шаралар әлі де ұйымдастырылып жатыр. Қаламыздағы Логистика және көлік академиясында өткен «Бір кем дүние» атты кездесуге қос қаламгердің көзін көрген әріптестері, ізін басқан шәкірттері қатысты.

**Рая
ЕСКЕНДІР**

Тарихи тұлғаларды еске алуға арналған осынау қоңыр кеште «Шерағанның шекпенінен» шыққан қарымды қаламгерлер қос тұлғаны еске алып, естеліктер тетігін ағытты. Алғашқы сөз кезегін аталмыш оқу ордасындағы Ардагерлер алқасының төрағасы Нұридин Балқияұлы алды.

– Бұрындары студент-жастармен жазушылардың кездесуі жиі өтетін еді. Өзіміз де кезінде осындай кездесулер арқылы талай тұлғаны танып өстік. Жалпы, біздің оқу ордасында оқитын студенттер техниканың маманы болғанымен, әдебиетті арнайы оқымайды. Соған қарамастан, әркім өз ұлтының інжу-маржандарын білуі керек деп ойлаймын. Қазіргі жастарымыз жан-жақты болғандықтан, әдебиетке де уақыт тауып, көңіл бөледі

деген сенімдемін. Осыдан біраз жыл бұрын жол түсіп, Сарыағашта Шерағанмен бір аптадай демалғаным бар. Сол кезде атақты қаламгермен танысып, сырлас болдым. Ол кісі демалды дегенім жай сөз. Бір апта бойы біресе анда, біресе мында кездесуге шақырды. Ленгир қаласында дүрілдеген кездесу өтті. Халықтың қаламгерге деген құрметі ерекше болды. Бұрыннан ерекше құрмет көрсететін жазушымыз жақыннан таныған соң, тіпті бауыр басып қалғаным бар. Әр уақытта жазушыны тану үшін оның шығармаларын оқыған дұрыс дер едім, – деді Нұридин Балқияұлы.

Кездесу тізгінін қолына алған қазақтың белгілі ақыны Ержан Алаштуған қос қаламгерге арнаған жырын оқып, жастарға жігер берді. Ал ақын Абзал Бөкен қазақтың маңдайына біткен қос қаламгер шығармасы арқылы ұрпақтарға берген тәрбиесін сөз етті.

– Шерхан Мұртазамен аз-кем қызметтес болдық. Сол кісіден жа-



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

зуды, сызуды үйрендік. Жұрттың көкейінде жүрген ойды жеткізуді үйрендік. Ең бастысы, ол кісі қолына қалам ұстаған үлкен бір буынды тәрбиелеп шығарған ұстаз, – деді белгілі қаламгер, «Қазақ әдебиеті» газетінің Бас редакторы Дәурен Қуат.

Кездесу барысында белгілі өнер иесі Қадырғали Көбентай өзінің ұстазы болған Оралхан Бөкейді еске алып, жастарды өнерді

сүйеге, кітап оқуға шақырды. Белгілі ақын Әнуарбек Әуелбек айтулы тұлғалардың қарамағында қызмет істеп жүрген кездеріндегі қызықты әңгімелерді тілге тиек етті.

Кездесуге қатысқан жастар аға ұрпақ туралы көп мәлімет алып, тың ақпараттарға қанықты. Осындай кездесуден соң, жастардың бәрі болмаса да, көбінің кітап оқуға деген ынтасы оянары анық.